

Алаштың арда перзенті





АЛАШТЫҢ АРДА ПЕРЗЕНТІ

*Азанама және арнау-тебіздер
мен естеліктер*

FOLIANT
БАСПАСЫ

Астана-2013

УДК 821.512.122
ББК 84 (5 Қаз)
А 39

А 39 **Алаштың арда перзенті. Азанама және арнау-лебіздер мен естеліктер. /Құраст. Қ. Есімханов.** – Астана: Фолиант, 2013. – 80 бет.

ISBN 978-601-292-769-6


Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, халқымыздың аяулы перзенті, ұлттық поэзияның жезкиігі атанған ақын Кәкімбек Салықовтың есімі ел тарихынан, жұрт жадынан мәңгілік өшпек емес.

Ақындықтың қаламы мен қайраткерліктің қарымын қатар ұстаған тұлға бейнесі алыстаған сайын жаңғыра түседі, жарқырай түседі.

Бұл шағын кітапта ел ардақтысын жоқтаған айтулы азаматтардың, ақын замандастарының, қаламдас бауыр-қарындастарының қамкөңіл лебіздері, жылы естеліктері қамтылды.

52374

УДК 821.512.122
ББК 84 (5 Қаз)



© Есімханов Қ. құраст., 2013
© «Фолиант» баспасы, 2013



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ

Астана/Ақорда

27/11/2013

Кәкімбек Салықов марқұмның отбасы мен туған-туыстарына

Көрнекті ақын Кәкімбек Салықовтың өмірден озуына байланысты аса ауыр қайғыларыңызға ортақтасып көңіл айтамын.

Кәкімбек Салықұлы өзінің бүкіл білімі мен тәжірибесін, қажыр-қайратын туған елі мен халқының игілігіне арнап, жемісті еңбек еткен айтулы тұлға еді. Еңбек жолын инженер-металлург болып бастап, өзінің кемел білімі мен зор ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында республикамызда, Мәскеуде және Өзбекстанның Қарақалпақ облысында жоғары лауазымды мемлекеттік қызметтерді үлкен абыроймен атқарды.

Фибраты мол өмірінде мемлекеттік қызмет пен табиғат берген ақындық дарынын қатар алып жүрді. Оның нәзік те сыршыл ақындық жүрегінен халқы сүйіп оқитын талай-талай жыр кітаптары мен ән арқауына айналған өлең жолдары туды. Осындай қасиеттерімен халқымыздың зор құрмет-қошөметіне ие болды. Республикамыздың және бұрынғы одақтың Жоғарғы Кеңестеріне депутат болып сайланды. Еңбегі жоғары мемлекеттік наградалармен атап өтілді.

Оның есімін халқымыз ұмытпайды, шығармаларынан әрдайым рухани нәр алатын болады деп ойлаймын. Марқұмның топырағы торқа, жатқан жері жарық болсын.

Н. Назарбаев



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІНІҢ СЕНАТЫ

Салықовтар әулетіне белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, дарынды ақын Кәкімбек Салықовтың өмірден өтуіне байланысты орны толмас қайғыларына ортақтасып көңіл айтамын. Бүкіл саналы ғұмырын төл мәдениетіміз бен көркем әдебиетіміздің өсіп-өркендеуіне арнаған, қазақ әдебиетінің дамуына үлкен үлес қосқан Кәкімбек Салықовтың жарқын бейнесі халқымыздың жадында мәңгі сақталып қалары сөзсіз.

Марқұмның жатқан жері жаннатта, топырағы торқа, иманы саламатта болсын!

*Қазақстан Республикасы Парламенті
Сенатының төрағасы
Қасымжомарт ТОҚАЕВ*



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІНІҢ МӘЖІЛІСІ

Қазақтың желқанатты жезкиігі атанған ақын, мемлекет және қоғам қайраткері, «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағының иегері, айрықша талант иесі, асыл азамат Кәкімбек Салықов ағамыздың қайтыс болуына байланысты отбасына, барша туған-туыстарына ауыр қайғыға ортақтасып көңіл айтамын. Бұл – тек сіздер үшін ғана емес, бүкіл қазақстандықтар және қазақ поэзиясы үшін орны толмас ауыр қаза.

Кәкімбек ағамыз – саналы ғұмырында аса жауапты мемлекеттік қызметтерді атқара жүріп, әдебиет әлемінде де өшпес қолтаңбасын қалдырған, бүкіл халқымызды кәусар жырларымен сусындатып, тәуелсіз еліміздің мәдениеті мен руханиятының дамуына өлшеусіз үлес қосқан көрнекті тұлға. Кәкімбек Салықтың сөзі мен ісі, поэзия саласындағы қазыналы еңбегі ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, мәңгі жасай беретіні сөзсіз. Алланың ісіне амал жоқ.

Марқұмның жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын.

*Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің төрағасы
Нұрлан НЫҒМАТУЛЛИН*



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

Салықовтар отбасына

**Құрметті Мәриям апай, Ерлан Кәкімбекұлы,
Майіра Кәкімбекқызы!**

Аса көрнекті ақын, қоғам қайраткері, халқымыздың ардақты азаматы, асыл жар, абзал әке, қамқор ата Кәкімбек Салықовтың қайтыс болуы баршамыздың қабырғамызды қайыстырып, жан дүниемізді жаралап кетті.

Бұл – тек сіздерді ғана емес, бүкіл қазақ жұртын қара жамылғызған ауыр қайғы, орны толмайтын қаза. Осынау ауыр сәтте Қарағанды облысының жұртшылығы сіздермен бірге.

Кәкімбек аға өзінің данқты өмір жолын Қарағанды облысының Жезқазған өңіріндегі шахтада бастады. Іскерлік қабілетінің арқасында Жезқазған қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы, облыстық партия комитетінің екінші хатшысы болды. Одақтық деңгейдегі үлкен лауазымды мемлекеттік қызметтерді абыроймен атқарды. Аяулы тұлға халқымызға талай тамаша туындыларын ұсынған талантты қаламгер болды.

Кәкімбек ағаның жарқын бейнесі халықпен бірге мәңгі жасай береді. Алаштың абзал азаматының есімі ел есінде сақталады. Ешқашан ұмытылмайды.

Осы азалы сәтте Қарағанды облысының жұртшылығы атынан және өзімнің атымнан қайғыларыңызға ортақтасып, көңіл айтамын. Марқұмның топырағы торқа, жаны жаннатта болғай!

*Қарағанды облысының әкімі
Бауыржан ӘБДІШЕВ*



СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

Қазақстанның қоғам және мемлекет қайраткері, Қазақстан Республикасы Экология академиясының академигі, көрнекті ақын, жерлесіміз Кәкімбек ағамыздың өмірден өтуіне байланысты отбасына, туған-туыстарына қайғырып көңіл айтамын.

Ағамыздың жарқын бейнесі жерлестерінің жүрегінде әрдайым сақталады. Ардақты жанның жаны жаннатта, жатқан жері жарық, топырағы торқа болсын.

*Солтүстік Қазақстан
облысының әкімі
Самат ЕСКЕНДІРОВ*



ЖЕЗҚАЗҒАН – ЖЕЗКИІК

Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі, белгілі ақын, мемлекет және қоғам қайраткері – Кәкімбек Салықов өзінің еңбек жолын осы Жезқазған жерінде, кеніштерде бастаған болатын. Ол өзінің туған жері Көкше өңірі мен Ұлытаудың қасиетін өн бойына дарыта білген тамаша талант, дараланған дарын еді. Ақан, Біржан, Ыбырай мектебінен өткен өнерпаздар жолын үлгі тұтып, Тайжан салған әндердің ел ішінде кең таралуына игі ықпал етті. Жас өнерпаздарды қанатының астына алып, тамаша таланттардың тұсауын кесті. Соның нәтижесінде Жезқазған жерінің төлқұжатына айналған «Жезкиік» әні кең даланы кернеп кетті.

Даланың дархандығы, халқының мейірімділігі оның қаламына қанат бітіргендей. Қай шығармасы болса да, Жезқазған – Ұлытау аймағының, ұлттың ордасы көтерілген өңірдің өткенін ойға оралтып, ертеңіне жетелей түсетінді. Иә, Кәкімбек Салықов қайда жүрсе де, жүрегінің төрінен жездариялы Жезқазғанын түсірген жоқ. Бүгінде Кәкімбек ағамыздың аты Жезқазған – Жезкиік болып, егіз есімге айналып, қалың қазақтың жүрегінен орын алғаны ақиқат.

Кәкімбек Салықовтың жарқын бейнесі қазақ елімен бірге жасай береді деп сенеміз. Пейіште нұрың шалқып, жаның жаннатта, топырағың торқа болсын, Кәкімбек аға!

Жезқазған қаласының әкімі
Серік ШАЙДАРОВ



АҚЫН КӘКІМБЕК САЛЫҚОВ ДҮНИЕДЕН ОЗДЫ

Астана жұршылығы бүгін көрнекті ақын, Мемлекет және қоғам қайраткері Кәкімбек Салықовты ақтық сапарға шығарып салды. Қаралы жиынға қоғам қайраткерлері мен билік өкілдері, марқұмның туыстары, жора-жолдастары жиналды.

Асыл азаматымызды ақтық сапарға шығарып салуға Астанадағы Қалибек Қуанышбаев атындағы театрға жиналған халықта есеп жоқ. Замандастары марқұмның даралығын, ерекше қасиеттерін еске алды.

Мұхамбетқасым Шәкенов, қоғам қайраткері: *Сегіз қырлы, бір сырлы, ғұлама адам еді. Ақындығы өз алдына ұйымдастыру қабілеті күшті болды. Мәскеуге орталық партия комитетінің арнайы тапсырмалар бойынша инспекторы болу ол кезде оңай емес-тін.*

Қуаныш Сұлтанов, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты: *Жалпы, қазақ мәдениетінің дамуына үлкен үлес қосты. Бұл кісінің Астанаға көшіп келгелі Астананың рухын көтеруде, жаңа қазақтың, жаңа Қазақстанның келбетін сипаттауда да қосқан үлесі орасан зор.*

Кәкімбек Салықов өмірінің соңғы күніне дейін қолынан қаламын тастамаған. Ақынның талай жырлары, халық сүйетін керемет шығармалары жазылған жұмыс кабинеті бүгінде несіз, ақынның орны ойсырап қалды.

Ақын қалдырған бай мұра – 45 поэзия жинағы, әлем классиктері шығармаларының аудармалары. Оның халқына деген шексіз сүйіспеншілігі кейінгі ұрпаққа әрқашан үлгі болғай!

«Қазақстан» ұлттық арнасы



КӘКІМБЕК АҒАМЫЗ ДА ӨТТІ ДҮНИЕДЕН

82 жасқа қараған шағында қазақтың үлкен ақыны Кәкімбек Салықов дүниеден өтті.

Кәкімбек Салықовты оқырмандарымыздың басым көпшілігі үлкен ақын, сонымен бірге көптеген әдемі, аяулы әндерге сөз жазған автор ретінде жақсы біледі. К. Салықов сонымен бірге үлкен, жауапты қызметтерді де атқарды. Жезқазған қалалық комитетінің бірінші хатшысы (бүгінгіше айтсақ, әкімі), Жезқазған облыстық партия комитетінің екінші хатшысы (облыс әкімінің орынбасары), Қарақалпақ АКСР-і партия комитетінің бірінші хатшысы (Қарақалпақ Республикасының президенті) болды және бұдан өзге де талай жауапты қызметтер атқарды. Ал енді К. Салықов секілді біздің билікте жүрген бүгінгі азаматтарымыз қазақ тілінде өлең жаза ала ма? Қазақ тілінде өлең жазу былай тұрсын, қазақ тілінде сөйлей ала ма десенізші? Қазақтың тілінен де, ділінен де, салт-санасынан да мақрұм қалғандар ел басқарады бүгінде. Қалай қорқынышты!

Білгір тарихшылардың айтуынша, Абылай хан сөйлегенде сөзінің аяғын өлеңдетіп төгіп-төгіп жібереді екен. Әз-Тәукенің ақындығы бар екенін тәмам жұрт білген. Салқам Жәңгір де өлеңші екен. Ғұмыр бойы ел билеген Алшынбай да, Құнанбай да, Ноғайбай да, Тезек төре де ақын болған. Асанбай Асқаров өлең жазды... Ел басқара жүріп қазақ тілінде өлең жазғандардың ең соңы да осы Кәкімбек ағамыз шығар. Жақсы дәстүрдің, жайсаң дәстүрдің ең соңғы «могиканы».

«Жас Алаш» газеті



ҚОШ, БАУЫРЫМ!

Кәкімбек Салықовты мен алғашқы өлең жазып, баспасөзде көріне бастаған кезінен білдім. Бірақ басшы партия қызметінде жүрген адамның ақындығы ет пен терінің арасындағы орынтақтың желігі ме деген күдік те болды ойымда. Алғашқы шыққан екі жинағын («Сыр», «Жезкиік») алып оқығаннан кейін ғана ол күдігім сейілді. Ол кенші инженер мамандығы мен ақындығын тең ұстап, екі кәсіпті туыстырған жанымен ақын екен. Және кездейсоқ емес, құдай өзі қалап ақын еткен адам сияқты көрінді. Ақыры, үлкен орынтақ оны ұстап тұра алмады. Ол ақындық тағдырымен табысты. Үлкен ақын болып, ел сыйына бөленіп өмірден озды. Мен – содан бері ақынның әр қадамын қадағалап, мақалалар жазған ағасымын. Оны інімдей көрдім, қаламына, қадамына ризалық көңілмен құтты болсын айтып жүрдім.

Ол өмірге шын ғашық адам еді. Дала табиғатының сұлулығы мен адам жанының толғаныстары ақынның сыр сандығына айналды. Кәкімбектің «Аққуы», «Жезкиігі», «Ақмаралы» сұлулықтың бейнесіндей қазақ жанын тербеді. Оның сұлу әндері әркімнің-ақ жүрегінен жылы орын тапты.

Үлкен әріппен жазылатын адам, азамат, қайраткер, қоғамдық қызмет иесі Кәкімбектің өмірі мен еңбегі де оның өлеңдерінде. Ол өз заманының ұлы сипаттарын сезіне білді. Елі мен жерінің шын патриоты болды. Аңсаған арманын, жеткізбей жүрген әнін тынымсыз қуды. Ғарыш пен ғаламды қазақ даласының кеңдігімен өлшеді. «Дала мен ана сезімтал етті санамды», – деді. Сонысымен Кәкімбек бүкіл қазақтың сүйіктісіне айналды.

Қош, бауырым, ақыным, жаны сұлу азаматым!..

Серік ҚИРАБАЕВ



АТАМЕКЕНІН ИМЕНБЕЙ ЖЫРЛАҒАН АҚЫН

Кәкімбек Салықов қазақ поэзиясындағы ірі тұлға еді. Ол өзінің өмір жолын басқа саламен байланыстырса да, қазақтың рухани дүниесі – поэзияға келуі тегіннен тегін емес. Себебі, оның ата-жұрты, өскен ортасы Кәкімбекті ақын қылмай қоймас еді.

Кәкімбекпен 1972 жылы ауруханада таныстым. Бұрын да өлеңдерін оқып жүруші едім, сол жерде пікірімді айттым. Ол кезде Кәкімбек Жезқазған облыстық партия комитетінің екінші хатшысы еді. Мен оған Сәкеннің түрмеден қашқан жолымен кері жүріп өтейін деген ниетімді айттым. Кәкімбек қолдау білдіріп, көлік тауып қоятынын айтты. Көп ұзамай мен Жезқазғанға бардым. Бірақ жүрегімнің ауруы ұстап, Ұлытаудан әрі аса алмай, дәрігерлердің айтуымен Алматыға қайтқаным бар. Сол жылдардан бері Кәкімбектің шығармаларын оқумен келемін. Талай рет пікір де жаздым. Мәскеуде, Нүкісте қызмет атқарып жүрген кездерінде қонақ боп барып, Мәриям екеуінің қошеметіне талай бөлендім.

Кәкімбектің поэзиясы – өлмейтін поэзия. Мәскеуде жүргенде туған жерге деген сағынышын өлеңге түсірумен болды. Ол уақытта атамекенге деген сағынышты айту екінші бірінің қолынан келе бермейтін. Бір «Жезкілгінің» өзі – талай даңққа бөлейтіндей шығарма. Марқұм ол даңқтың шет жағасын көзі тірісінде көріп те кетті. Жатқан жері жайлы болсын, алдынан жарылқасын деймін.

Тұрсынбек КӘКІШЕВ



КӨКТИҢ ӨЗІ ҚАЙҒЫРЫП ТҰРҒАНДАЙ

Бауырлар, барлығыңыздың бастарыңызға түсіп отырған ауыр сезімді түсінемін. Арамызда саңқылдап күліп, сапмылдап сөйлейтін, ұйқысынан оң аяғымен тұрғандай жарқырай күліп амандасатын Кәкімбек ағамыз енді жоқ.

Ол дүниеден өткеніне біз бен сіз түгілі көктің өзі қайғырып тұрғандай. Күннің көзі көрінбей көлеңкеде жатыр. Кәкімбек ағамыздың сүрген өмірі бәріміздің есімізде, — жадымызда. Кәкімбек кешкен әдемі рөлі мен шығармашылығынан алған әсерлеріммен онымен тірі кезінде бөліскем. Сонда айтқан пікірлерім — пікір, әсерлерім — әсер. Бәрі көз алдымда жадырап жарқырап тұр. Енді Кәкімбектің қазасына бүгін барлығымыздың қайғыруымыз орынды. Не айтсақ та жарасады. Өйткені Кәкімбек атқа қондырсаң атқа лайық, таққа қондырсаң таққа лайық қазақтың сирек азаматтарының бірі еді. Өмірден солай өтті, басын иемей өтті. Өйткені кешкен тірлікте осы дүниеге батыл көзқараспен қарау үшін, адамдардың өзіне тіке қарау үшін үлкен жүрек, ақ пейіл, мейірбандық керек еді. Соның барлығы оның бойынан табылды, көкірегінен нұр шашып тұрды.

Осындай жарқын ұстанымын өмір бойы сақтаған азаматқа бүгін қош дегелі тұрмыз. Бірақ Кәкімбекті өлді деуге болмайды, өйткені ол ақын еді. Оның айтқан әні, аңсаған армандары ұрпақтарының көкірегінде мәңгі жарқырап тұрады. Көңілі жайсаң, жарқын ұрпақтары барда Кәкімбектің өзі де өлмейді, өлені де өлмейді. Аман жүреді, бәрімізбен бірге жүреді, бізден оза жүреді.

Әбіш КЕКІЛБАЙҰЛЫ



БІЗДІ ҚОСҚАН ЖЕЗҚАЗҒАН ЕДІ

1958 жылдың қоңыр күзінде іссапармен Ұлытауға жол түсіп, даңқы сол кезде-ақ көңілімді алабұртқан мыс қазаны Жезқазғанға тап болдым. Мақтаулы «Покро» шахтасын көрмек болып, жер астына түсейін. Алланың жазуы шығар, кен қазылған учасоктардың бірінде басында темір каска, үстінде брезент жамылғыш киген орта бойлы, шүңірек көзі өзіме жымия қараған азаматты көрдім. Сол шахтаның бас инженері Кәкімбек Салықов екен.

Жақсыда жаттық жоқ деген рас, содан бері 55 жыл өтті. Ұлытауда басталған достығымыз Қарағанды мен Мәскеуде, Алматы, Астана, Париж, Павлодар мен Семейде жалғасып, ұзақ өмірдің небір қилы кезеңдерін бірге өткіздік. Өзіміз ғана емес, үй-ішіміз болып араластық. Мерейтойлар ғана емес, өмірдің елеулі кезеңдерін, қиын асу-белдерді бірге өткіздік. Кәкеңнің ақылы, абырой-беделі мен өмірлік тәжірибесі менен көш бойы озық. Оған енді кіршіксіз ақ пейілін, адами тазалығын, ақындық ұшқыр дарынын қосыңыз. Қысқасы, Кәкең маған ақылшы аға ғана емес, жанашыр дос болды.

Қайран Кәке, не деймін, қаралы хабарыңды естіп, жан-жүйем егілгені сонша, қапелімде не дерімді білмей қапада отырмын. Жасамай кеткен ғұмырыңды жарың Мәриям, Ерланың мен Майран, сүйікті немерелерің жасасын! Қош бол, ардақты дос, өзінмен өткізген әрбір кездесу, ыстық қауышулар, бірге жасаған игі істер, әсіресе, Қаныш ұлыны ұлықтау жолындағы ұлан-ғайыр еңбегің – халық жадында, кітаптар сөресінде нық тіресіп қаттаулы тұр! Көңілді жұбатар жұбаныш та осы, бақұл бол, ер Кәке!..

Медеу СӘРСЕКЕ



АУЫР ҚАЗА

Даналарымыз бен дараларымыздың қатары сиреп барады. Кешегі совет заманында тек Қазақстанда ғана емес, Мәскеу мен Ташкентте жоғары биліктің тұтқасын ұстай білген, аласыл жырларымен барша тыңдаушысын сүйсіндіре білген дара тұлға Кәкімбек Салықов еді.

Аса дарынды қайраткер Кәкеңді Жезқазған елін басқарып жүргенде КОКП Орталық Комитеті Мәскеуге шақырып, жауапты қызмет тапсырды. Одан Өзбекстанға жіберді. Қарақалпақ елінің бірінші басшысы ретінде абыройлы қызмет атқарды. Сол кезеңде Қарақалпақта болған едім, жергілікті халықтың Кәкеңе деген ерекше құрметін көрдім.

Кәкімбек Салықов – ерекше талант иесі. Өте жауапты қызметтерімен қатар қазақ поэзиясына талай жауһар туындылар әкелді. Барша халық айтатын «Жезкиік» әні соның күәсі. Кәкеңнің шығармашылық өрісі мемлекеттік ресми қызметтерден кеткеннен кейін барынша кеңейіп, сәні де, сұлулығы да жарқырай түсті. Қазақ оқырманына іші тамаша жырға толы жылына бір кітап сыйлап отырды десек, артық болмас. Сондықтан да біздер Кәкең ағамызды тұла бойы жырға толған ақиық ақынымыз деп құрметтедік. Жаны жайдары, ортасына ізгіліктің нұрын шашып отырушы еді Кәкең. Бүгін ортамыздан қайтпас сапарға аттанғалы тұр. Ауыр қаза.

Қош, қош бол, ардақты аға! Жатқан жерің жарық, иманың жолдас болсын! Алланың дидарына қауыш.

Кенжеғали САҒАДИЕВ



ОН ВОСПЕВАЛ ВЕЛИЧИЕ СТЕПИ

Какимбек Салыков воплотил в себе две ипостаси – поэта и гражданина. Я знал его с 80-х годов, на пике его славы. Он был первым секретарем ЦК Каракалпакской АССР и позже занимал крупные посты. А выйдя на пенсию, работал еще интенсивнее. Песни на его стихи стали символом нашего героического прошлого. Это именно он воспел величие Степи. Какимбек Салыков дружил с великими поэтами – Туманбаем Молдагалиевым, Кадыром Мырза-Али и другими.

Он умел талантливо совмещать государственную и общественную работу с творчеством. Возглавляемый им фонд им. К. Сатпаева сделал очень много для сохранения наследия великого ученого.

Духовный мир его был чрезвычайно богат. Я полагаю, надо издать его произведения, – они того заслуживают, потому что Какимбек Салыков всегда достойно представлял казахскую литературу.

Нурлан ОРАЗАЛИН



ӘЛІ ДЕ ТЫҢ СИЯҚТЫ КӨРІНІП ЕДІ...


Түнеу күні ғана теледидардан шығармашылығына арналған кеш берілді. Маған әлі де тың сияқты көрініп еді. Аптал азамат аяқ астынан бақилыққа аттанды. Ақындығы бір төбе, қоғам қайраткері ретінде еліміздің игілігіне үлкен үлес қосты. Саясат пен шығармашылықты, әдебиетті қоса алып жүру екінің бірінің қолынан келе бермейді. Мәңгілік сапарға кеткені жанымызға батып тұр. Артында том-том кітабы, әнге жазылған «Аққу әні», «Аққу жеткен», «Бір ауыз сөз», «Оқжетпес» сияқты танымал туындылары қалды.

Отбасына, бала-шағасына, қаралы қауымға қайғырып көңіл айтамын. Алды иманды, арты қайырлы, топырағы торқа болсын!

Асанәлі ӘШИМОВ

6.2.3.7.4

2-0279





ЛИРИК, ФИЛОСОФ, ПАТРИОТ

Какимбек Салыков был любимым поэтом казахского народа. Поэтических вершин он достиг в 80-е годы, и блеск его славы не тускнел до сегодняшних дней. Он был пронзительным лириком, его стихи поражают глубоким философским содержанием. Он много писал о красоте родных мест, о наших лучших людях, много сделавших для Отечества. Его стихи настолько популярны, что многие композиторы писали музыку к ним, – взять хотя бы «Жезкиік». Это он пробудил национальное самосознание народа. До последних дней не выпускал пера из рук.

Какимбек Салыков был и государственным деятелем: секретарем Жезказганского обкома КПСС, затем возглавлял Каракалпакскую АССР, представлял республику в ЦК КПСС. Его вклад в развитие Каракалпакской АССР поистине неоценим. Там до сих пор его любят и ценят, впрочем, как и в Республике Казахстан.

В памяти казахов таким и останется – тонким лириком, поэтом-философом и патриотом.

Алдан СМАЙЫЛ



АҒАМЫЗДЫ ҚИМАЙМЫЗ...

Өмірде жарқылдап жүрген адам еді. Қазаны естіп есеңгіреп отырмыз. Біздің шығармашылықтағы байланысымыз 80-жылдары басталды. Қоғам қайраткері бола жүріп, өзінің бар шығармашылық мүмкіндігін көрсете алмаған еді. Ол кезеңде шығармашылық еркіндікке рұқсат та болмады ғой. Соған қарамастан көптеген жыр жинағын жазды. Ол кісінің композиторлық қабілеті тамаша болатын. Өзі – Үкілі Ыбырайдың жұрағаты, сол кісіден қалған дәстүрлі ән мектебін көрген, әншілігі бір төбе, сондай ерекше сері, қазақтың аяулы азаматы, аяулы ағамыз еді.

Көптеген әнін жарыққа шығарып, шәкірттеріме үйреттім. Оқу бағдарламамызда ол кісінің біраз әні бар. Жанында жүріп, ақыл-кеңесін тыңдадым, өлең-жырларын оқыдым. Өте қарапайым, елгезек, адамдарға иіліп, елпілдеп тұратын. Тәкаппарлық, менмендік деген бұл кісінде әсте болған емес.

Жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын! Ағамызды қимаймыз, бірақ қайтеміз, өмірдің заңы шығар...

Қайрат БАЙБОСЫНОВ



ҮЛКЕН ТҮЛҒА

Қазіргі қоғам ақындардың жүрегіне ауыр жүк артып тұрған уақыт қой. Күтпеген жерден Кәкімбек Салықов дүниеден өтті дегенде жанымды қоярға жер таппай кеттім. Өте сыйлы, мәдениетті, жібектей мінезімен алдымызда аға деп қарап, арқа тұтып жүрген үлкен тұлға еді. Көп сөздері әнге айналған, бір ғана «Жезкиік» десе елең етпейтін ел бар ма...

Кәкімбек аға екеуміз кезінде «Даладағы алау» атты жинақ шығарып едік. Қазақстан, қазақтар туралы көп жазған орыс ақындары Владимир Савельев пен Татьяна Кузовлеваның өлеңдерін аударып, бір кітап етіп бастырып едік. Сәлеміміз түзу, кейде еркелеп те алатынбыз. Сондай ақыннан айырылып отырмыз. Сондай қазақтың біртуар ұлдары, алды кең ағалардың енді жоқ екеніне сенгің-ақ келмейді.

Алды жарық, иманы жолдас болсын!

Ақұштан БАҚТЫГЕРЕЕВА



ЖЕЗКИІК ЖЫР ЖҮРЕКТІҢ ҮНІ ҚАЛДЫ

Кәкімбек Салықов!

Бұл сырлы поэзия мен жүрек қылын дiр еткiзер нәзiк бiр ән әуеннiң символындай болып сезiлетiнi бар-ды. Өмiрдiң балалығының ауыр да қиын кезеңдерiнде Ақан серi мен Үкiлi Ыбырайдың әнiмен тербелген өлкеде өсiп, оңы мен солын таныған, Мәскеу сынды шаһардан кен инженерiнiң бiлiмiн алып, сонан соң өз өмiрiн киелi Сарыарқаның төскейiнде бастап, атақты Қаныш Сәтбаевтың iсiн де iзiн де жалғастыра бiлдi. Кеншiлiгiмен қатар қызметкерлiгiн де, осы екеуiне қоса ақындығын да қатар алып жүрдi. Және бәрiн де абыройлы атқара бiлдi. Қалың елге кеншiлiгiмен де, адами кеңдiгiмен де, ақындығымен де, жырымен де, сырымен де жаға бiлдi.

Кең даланың жезкиiк жырын жаңа бiр сырлы әуенмен айта бiлген ақын ағаның жүрегi өз соғуын тоқтатты. Өкiнiштi-ақ! Өкiнгенiңмен де өмiр заңдылығына бой ұсынарың бар. Соңынан ерген iнiлерiнiң әр жақсы қадамына қуанып, сол өз дархан жүрегiнiң қуанышын жырымен жеткiзiп жатар Ағаның ендi жоқ екендiгiн ойласам болды жанымды мұң басады. Қазақтың көрнектi ақыны, мемлекет және қоғам қайраткерi Кәкiмбек Салықовтың есiмi өз елiмен, өз халқымен бiрге жасарына сенемiн. Өйткенi, өз халқының жүрегiнде жезкиiк жырдың мәңгi өшпейтiн де, өлмейтiн де үнi қалды.

Қош, ардақты аға! Бақұл болыңыз! Иман байлығын тiлеймiн.

Жабал ЕРФАЛИЕВ



ӨМІРДЕ ЖАҚСЫ СЫЙЛАСТЫҚ

Кәкімбек аға еліміздің қадірлі ақсақалы еді. Ақындық пен мемлекеттік қызметті қатар алып жүрді. Халыққа жақын, барлығымыз ардақ тұтып, сыйлайтын асқар таудай ағамыз болатын. Ол кісінің жасаған еңбегі, жазған жауһар жырлары әдебиетіміздің, мәдениетіміздің тарихында, елінің жүрегінде алтын әріптермен жазылып қалды. Өмірде жақсы сыйластық. Ағамыз ретінде ақылын аямай, қамқорымыз болып жүретін. «Айналайындап» тұратын. Алпысқа толған мерейтойында:

*Ел-жұртың тілеуіңді тілеуде, аға,
Әніңмен ажарлансын жүдеу дала.
Оқжетпес жер бетінде біреу болса,
Кәкімбек Салықов та біреу ғана, –*

деп жыр арнап едім.

Даралығымен мәңгі есімізде қалады. Жаны жаннатта болсын!

Баянғали ӘЛІМЖАНОВ



ЕГО ПЕСНИ СТАЛИ НАРОДНЫМИ

Уход такого большого поэта и видного государственного деятеля, каким являлся Какимбек Салыков, – невосполнимая потеря для литературы и культуры Казахстана.

Так случилось, что в моей творческой жизни он занял особое место. В далекие 70–80-е годы Какимбек Салыков рекомендовал меня в Союз писателей СССР, живо интересовался творчеством молодого тогда поэта.

Мне приятно вспоминать, как он всегда с гордостью говорил, что является учеником моего отца, который трудился в военные годы в школе села Сырымбет и направил Какимбека на учебу в Москву. Спустя годы я сам учился в Литературном институте, а Какимбек-ага работал в Москве. Он разыскал меня, мы встретились на Старой площади, и он сказал, что оправдал надежды своего учителя...

Поэтическая биография Какимбека Салыкова неразрывно связана с Сырымбетом, Кокшетау, Кызылжаром, Петропавловском и Жезказганом, где прошли его молодые годы и появились первые сборники, стихи в которых были вдохновлены трудовой славой Большого Жезказгана. Затем он работал в Москве, Каракалпакни, опять в Москве, был народным депутатом СССР, возглавлял Комитет Верховного Совета по вопросам экологии. Но главным в его жизни оставалась поэзия.

Потомкам осталось его богатое творческое наследие, около 12 томов сочинений. Какимбек Салыков – автор знаменитых песен «Аққу» и «Жезкиік», давно ставших народными, а также переводчик на казахский язык романа в стихах А. Пушкина «Евгений Онегин»...



Как о нем писал в предисловии к его книге «Под звуки добры» народный поэт Казахстана Дихан Абилев, «после возвращения в Казахстан в 1992 году он выпустил несколько сборников стихов и поэм. Мы благодарны ему за поэмы и стихи о великом композиторе Таттимбете Казангапове, а также о других знаменитых земляках, принесших славу нашей Родине, – Каныше Имантаевиче Сатпаеве, Сабите Муканове, Мухтаре Ауэзове, Ильясе Жансугурове, о великом Абае, о легендарном Джамбуле».

Он поэт от Бога и не мыслил себя без стихов. Именно поэтому его стихи чисты и честны, они устремлены в вечность.

Бахытжан КАНАПЬЯНОВ



ІРІ ТҰЛҒА ЕДІ

Ол анадан ақын боп туып, халқына әкім болып қызмет етіп кеткен саусақпен санарлықтай ірі тұлғалардың бірі һәм бірегейі еді. Мұндай бақ Шоқан мен Абайдың басына да қонбай қойған-ды. Кәкеңе қонды.

Немістің ұлы ақыны, корольдің құпия кеңесшісі Гете алғашқы және ең соңғы өлеңін айдай аруларға арнаса, Кәкімбек Салықов тұңғыш және ең соңғы өлеңін Алаш-Анасына арнап кетті. Алаш оның көзіне Жезқазғанның жезкиігі, біресе Ұлытаудың ұлар құсы, біресе Үкілі Ыбырай мен Тәттімбет, Қаныш Сәтбаев болып елестеді.

Алаштың сол асқақ ақыны, айтулы тұлғасы фәниден бақиға кетіп барады. Ол өзінің барлық өлеңдерін «Тәңірінің берген өнері Көк бұлыттан ашылғанда» (Абай) ғана жазды. Оның есімі ХХ-XXI ғасырлардағы алаштың арқалы ақындарымен қатар тұруға тиіс.

Қош, аяулы аға, артың кеңіш, алдың пейіш болғай!

Серік АҚСҮНҚАРҰЛЫ



САЛ-СЕРІЛЕРДІҢ САРҚЫТЫ ЕДІ

Кәкімбек інімнің, замандасымның өмірден озғанын естігенде көңілдің жабырқап, жанымның жетімсіреп сала беретіні айтпаса да түсінікті болар. Ол қазақтың Кәкімбегі еді ғой. Қазағы оны еркелетіп «Жезкиігім» дейтін.

Сал да, сері де шыққан Көкшетау топырағында дүние есігін ашқан ол Ақан сері, Біржан сал, Үкілі Ыбырайдың сарқыты тәрізді көрінетін. Дес бергенде біздер Жезқазған поселкесінде көрші тұрдық. Үйіміздің қабырғалас болғаны бізді тіпті жақындастырып жіберді. Ол жұмыстан қолы қалт еткенде өлең жазса, маған оқып береді. Сосын «қалай екен?» деп пікірімді сұрайды. Бәлкім оның көптеген өлеңдерінің ең алғашқы оқырманы мен болған шығармын.

Домбыраға қосылып халық әндерін, Ақан, Біржан, Ыбырай, Тайжан, Сәкендердің әндерін орындағанда тыңдаушысына тамаша ләззат сыйлаушы еді. Кейде өз үйінде отырып ән салып жатқанын қабырғадан естіп қаламын да, соны тыңдау үшін арнайы барамын. «Кәке, тағы да айтып жіберші» деген сайын жаны кіріп, біразға дейін тоқтамайтын. Ұлы өнерге деген іңкәрлік махаббаты керемет еді.

Ол қатардағы кен инженерінен қоғам және мемлекет қайраткері дәрежесіне көтерілді. Қазақтың нағыз зиялы перзенттерінің бірі болды. Еңбегін еліне арнады, жұртына жауһар жырларын сыйлады. Мұндай адамдар дүниеден өткенімен, көңілден өшпейді. Оның есімі өзі жырлаған қазағымен бірге жасай беретіні күмәнсіз.

Қош, ардақты азамат! Қош, менің Кәкімбегім! Қош, сал-серілердің соңғы тұяғы!

Сатыбалды ЕСКЕНҰЛЫ



АРҚАНЫҢ КӨЗ ЖАСЫ

Киік көшіп барады Сарыарқадан. Кең Даламыздан. («Бір өзім кең далаға сыймай кетем» Кәкімбек Салықов). Киелі аң еді. «Арқасына аяқ батқанда арқар ауды» дегенді ес білгенде естігенмін. Киелі киік туралы Кәкімбек Салықов көкемнің «Жезкиігінен» ғана білдім. Мен туған жерде арқар мен елік қана бар болатын.

Киіктің жол бермей жүйткігенін Қарағанды облысына Теңіз ауданы қосылғанда алғаш көрдім. Журналистік іссапарда. Содан бері Кәкімбек көкемді көңілімнің көгершініндей көкке көтеріп қойғам. Сол күйі кетті.

Жәлел Қалмағамбетов туралы ең соңғы мақаласын жолдап, «Мағаш, сендерді сағындым, таяуды барамын» деген сөзі әлі құлағымда. Келместің кемесіне мініп кететінін қайдан білейін?!

Бұл – Несіпбек Айтұлы досымның «Аққудың көз жасындай» Арқаның Теңіз көліне тамған көз жасы.

Мағауия СЕМБАЙ



КӨКШЕ ЕЛІ ЕҢІРЕП, ЖЕТІМСІРЕП ТҮР

Тосыннан естілген қаралы хабардың қабырғаңды қақыратып, санаңды сандалтардай суық ызғары алабөтен ғой. Оның үстіне хабары түскір айтулы ақын, мемлекет қайраткері Кәкімбек аға Салықовтың фәниден бақиға аттанып кеткенін жеткізіп тұрса!..

Қазақтың сары тап сахарасын жезкиік жыр болып шарлаған ақын Кәкімбектің өміршең өлеңдері қыран қанатты әнге айналып, ұлт руханиятына тыннан қосылған мөлдір бұлақтай толқытып, толықтырып жатушы еді. Әу баста кенші болып бастаған аға Кремльдің терезесінен өзінің туып өскен көгілдір Көкшесіне көз тігіп, сырлы Сырымбетпен іштей сырласып, Қамсақты суымен мұндасқандай көкірек сарайын сағыныш самалымен желпіп, «Терезеден көрінеді ауыл жақ» деп сұлу сазды әуенімен тербетіп, бізді де тебіренге түсуші еді.

Әкім болмай ақын болып кеткен ғажап дарын иесі ұлы Ақан сері мен туысы, даңқты Үкілі Ыбырай, оның шәкірттері Молдахмет Тырбинов, Мұса Асайыновтардың жыр кәусәрлерынан қанып ішті, сол сусындатқан жан сезімін жыр тілінде сөйлете білді. Небір ғажап жаһұтты жырларын туған еліне оңды-солды шашуда ерен де терең мырзалық танытты. Көкшетау елін еңіретіп, жерін жетімсіретіп кеткен бұл қайғының жөн-жосығы бөлек, орны опырыла түсіп, ойсырап қалды.

Елің үшін еңселі тұлғаға айналып кеткен аяулы да ардақты асыл аға, пейіште нұрың шалқып, жаның жәннатта болғай.

Туған елің қаралы табытыңның басында тұрып өксиді, опынады, аза тұтады. Бақұл болыңыз, жан аға.

Төлеген ҚАЖЫБАЙ



АЗАМАТ АҚЫН, ҰЛЫ ТҰЛҒА

Осыдан бірер апта бұрын қараша айының 27 жұлдызы күні Астана қаласынан халқымыздың мақтанышына айналған мемлекет қайраткері, айтулы ақын, ұлы тұлға Кәкімбек Салықов ағамыздың о дүниелік болғанын естігенде жан дүнием өртеніп, көзіме жас алғанымды өзім де сезбей қалдым.

1993 жылы ақын, әнші, сазгер Ақан сері бабамыздың 150 жылдық мерейтойы қарсаңында Айыртау ауданының әкімі болып тағайындалып, жыр алыбы ақын, әнші, сазгер бабамыздың мерейтойын абыроймен өткіздік. Ұлы тойға Бәйкен Әшімов, Социалистік Еңбек Ері Еркін Әуелбеков, Кәкімбек ағаларымыз да қатысып, төріміздің сәні болды. Кәкімбек аға Құлагер құдығының басында жырдан шашу шашып, ел құрметіне бөленді.

Ұлы тойға үш елдің Президенттері Нұрсұлтан Назарбаев, Ислам Каримов, Асқар Ақаев келіп, қуанышты қуанышқа ұластырғаны ел есінде сақталып қалды. Осы тойдан кейін Кәкімбек ағамен сыйластығымыз жаңаша сипат алып, тамырын тереңге жайды.

Ақын ағаның есімі ел тарихына алтын әріппен жазылғаны жүрекке жылылық ұялатады.

Ел ағасының ұлы тұлға екендігін бір ауыз сөзбен қалайша түйіндеп айтарсың. Ел арысының азаматтық асыл қасиетін көзкөргендер әсте ұмытпайды деп білеміз. Еркін Әуелбеков ағаны соңғы сапарына шығарып салуға қыстың суығы мен боранына қарамастан келуіне ауылымыздың кәрі-жасы дән риза болғандығын ел іші ұмытқан жоқ.

Сөз соңында, Мәриям жеңгемізге, ұл-қыздарына, немерелеріне жасаған нем нұрын төксін. Алла тағала ағамызға иман байлығын берсін.

Армия ӘБІЛҚАЙЫРОВ



АЛТЫ АЛАШТЫҢ АЯУЛЫСЫ...

Алты Алаштың аяулы азаматы Кәкімбек Салықов менің де шығармашылығымға кең жол ашқан арқа сүйер ағайым еді. Үлкендердің де, жастардың да сүйсіне оқып, сүйіне қабылдаған «Аққулары», «Жезкиігі» әркімнің көкейінде жатталып қалды.

Қарақалпақ облыстық партия комитетінде бірінші хатшы қызметін атқарып жүргенінде сол кездегі Өзбекстанның басшысы Рашидовтың қабылдауында болып, «Жезкиіктің» өзбек тіліндегі мәтінін әнімен айтып бергенде, ол: «Мынау тағдыр ғой, мұнда тұтас халық, ұлт тағдыры жатыр ғой...», – деп көзіне жас алған екен. Ақынның тағдырлы туындылары баршылық еді. Кәкімбек аға расында да елін, жерін, оның ұл-қыздарын жанымен сүйетін.

Өлең, ән-жырлары соларға арналған.

Жаның жаннатта болсын, аға!

Жанат ЖАУБАСОВ



ҚОШ БОЛ, АРДАҚТЫ АҒА, ҰЛЫ ҰСТАЗ

Кәкімбек Салықов!

Барлық елге әйгілі жезкиік ақын бұл дүниеден өтті. Ағам едің, ұстазым едің мәңгілік! Өтемін жырлап, әндетемін сән қылып! Қайран, менің асқар ағам, асылым! Мақтан тұтар сені талай ғасырым! Түйілді сөздер, шықпай тілім сайраған, жабырқап көңіл, өмірді терең бойлаған... Саралаймын өткен күнді, ойланам...

Туған жері Солтүстік Қазақстан өңірі болғанмен, ол нағыз Көкше перзенті еді, Көкшені жанындай сүйіп, жырлап, әндетіп кетті. Міне, 50 жыл, жарты ғасыр өмірде қолтықтасып жүргендей болдық. Талай тойларды бастан бірге өткізіп, дәмдес, сырлас болдық. Мен де өзіне шәкірттігімді тірлігінде ақтаған сияқтымын, оның сөздеріне көптеген әндер шығардым, «Жезкиік-ақын» деген поэма жаздым. Сүйікті, ардақты халық перзенті Кәкімбек ағаның ендігі жолы иманды болсын! Өмірінің айырылмас серігі жары Мәриям жеңгейге, ұлы Ерлан, қызы Майра, ұрпақтарына, туыстарына қайғырып көңіл айттым. Ағамның жарқын бейнесі мәңгілік ел жүрегінде сақталады!

Қош бол, Қаныш ағаның жолын қуған Ел ардақтысы!

Иран сал ТАСҚАРАҰЛЫ



**«АҚҚУ ЖЕТКЕНДІ» ӘКЕМ,
«ЖЕЗКИІКТІ» ШЕШЕМ ЖАҚСЫ
КӨРЕТІН**

*Аққу, қаздар саңқылдайды,
Қамыс, қоға ән тыңдайды, «гәккулеткен»,
Осы екен ғой біздің көлге аққу жеткен.*

ҚазССР-де туған буын ғана түсінетін қазақ-совет мәдениетінің тағы бір көрнекті өкілі ақын, композитор, қоғам қайраткері Кәкімбек Салықов бақилық болыпты.

«Аққу жеткенді» әкем, «Жезкиікті» шешем жақсы көреді. Үнемі ыңылдап айтып отырады. Бұл әндер қазақ қилы заманға кез келіп, өз елінде этникалық, саяси және мәдени азшылыққа айналғанда жапа-тармағай жармасқан жақсы дүниелердің бірі еді.

Ал жаңағы әйгілі екі әннің авторы марқұм Кәкімбек Салықов ағамыз саяси қызмет пен шығармашылықта қатар табысқа жеткен талантты аз қазақтың бірі болатын. Алла тағала алдынан жарылқап, артын қайырлы етсін!

Ғалым БОҚАШ



Кәкimbек Салықов
(1932-2013)



Айтахмет Салықов



Жұбайы Мәрияммен бірге. Астана, 2012



Атақты Сәбит Мұқановпен әңгіме үстінде



Студенттік шақ. А. Қошанов, Ш. Уәлиханов



Досы Ж. Қалмағамбетов. Мәскеу, 1950 жылдар



Досы Ш. Уәлиханов, жұбайы М. Мәженқызы.
Мәскеу, 1976



Мемлекет және қоғам қайраткері Б. Әшімовпен
бірге. Алматы, 2007



Композитор М. Егінбаев, ғалым Т. Кәкішев



Ә. Бейсенова, С. Қирабаев, Б. Әшімов және
С. Кенжебаев



Әйгілі ақын Ж. Молдағалиев, ерлі-зайыпты ақындар
В. Савельев, Т. Кусовлева және М. Мәженқызы.
Мәскеу, 1978



Е. Бөкетов, Қ. Қанафин, С. Асатов,
С. Битанов. Жезқазған



Досы Т. Молдағалиевпен шүйіркелескен сәт



Академик Т. Шармановпен бірге



Қ. Сәтбаев мерейтойы қарсаңында. Н. Назарбаев,
С. Назарбаева, Х. Сәтбаева, М. Сәтбаева,
Т. Досмағамбетов, М. Сәрсек



Құлагер ескерткіші алдында бата беру сәті



Қос әулет: Мәриям, Кәкімбек Салықтар мен Клара,
Еркеғали Рахмедиевтер



Қ. Сұлтанов, Ж. Әбділдин



С. Құрманғожин, А. Қошанов



Қ. Байбосынов, М. Жолдасбеков, А. Мұсақожаева,
С. Құнанбаев



Оңтүстікке сапар. Д. Мыңбай, академиктер
М. Қозыбаев, С. Зиманов



Композиторлар – гитарада Қ. Есенов,
домбырада Ж. Әлімханов



Ғабит Мүсірепов ескерткішінің алдында.
М. Сәрсеке, К. Сағадиев, Қ. Есімханов,
Ә. Бейсенова, С. Қирабаев, М. Шаханов, т.б.



Б. Тұрсынбаев, Ә. Кекілбаймен бірге Сұлтан Ахмет
мешітін тамашалауда. Ыстамбұл, 1997



А. Қошанов, Т. Мұсабаев, Н. Дәненов, т.б.



Роберт Ретфорд, Сюзен Эйзенхауэр. АҚШ.
Солт-Лейк-Сити, 1990



Қызы Майрамен



Ұлы Ерлан



Немере, шөберелерінің ортасында. Мәскеу, 2013



Шөбересі Аянға ән салуда. Соңғы суреттерінің бірі.
Мәскеу, 2013



БАР ҚАЗАҚТЫ «АЙНАЛАЙЫН» ДЕП...

Түс әлеті боп, дастарханға отырғаным сол, корректор Назгүл қыз көз жасына ерік беріп, жылап отыр екен. Мен үстел басында отырған басқаларға қараймын, олар үстелге қарайды. Бір кезде Назгүл маған қарап: «Кәкімбек аға қайтыс болды», – деп күбір етті.

Ойым он саққа бөлінді. Қалайша? Неге? Неден?

Кәкімбек аға туралы ойлар мені өткен шаққа сүйрей жөнелді: ойымда ол кісімен алғаш кездескенім, күлгені, қамыққан сәттері, қуаныш үйірген, қажыған, жабырқаған кездері – бәрі-бәрі... Күні кешегідей есіме жатталып тұрды.

Біз отыратын бөлмеде бірнеше қыз жұмыс істейтін. Назеркені (Рамазанова) ылғи «Жансая» деп айтатын. Сынай айта ма, шынайы айта ма – о жағын сұрамадық. Үнемі біздің кабинетке кірген сайын «Жансая», «Жансая» деп өлеңдетіп енетін. «Аға, ол Жансая емес, Назерке ғой» деп қанша рет айтсақ та, жүрегі жас, көңілі көктем ағамыз сол бұрынғы «Жансаясынан» танбады. Әрбір қыздың бойындағы ерекшелікті табан астында байқайтын ақындық сезімталдық, нәзіктік есіп тұратын. Сұлулық сырын жете түсінген жүректен шыққан жырларында ол кісінің қолтаңбасы тіпті ерекше. Қыз-қырқынды бір-біріне ұқсатпай, қайталамай, әр қызға жеке-жеке тоқталып, бір өлеңде жарқырата көрсетудегі стилі мүлде тосын. Бірде баспадағы барлық қыздарға арнап ода жазып келіп, бәрімізді таңырқатқан еді.

Кішкене кезімде жайлауда көп болдым, қозы бақтым, қой бақтым, құйрық жедім дегендей. Әкемнің туған інісі Болат көкем ішіңкіреп



келіп, жаздың жылы түнінде «Жылжиды аққу айдында, жылжымайдыға» салушы еді. Көп әншіге бергісіз өзінше дауысы да бар еді. «Еді» деп өткен шақпен жазуымның себебі – сол Болат көкем баяғыда дүниеден көшкен.

...Кейін студент болғанда білдім: «Жылжиды аққудың» авторы Салықов екенін. Бұл әннен басқаны білсе де айта бермейтін Болат көкем жоқ, енді, міне...

Кәкімбек ағаны соңғы рет көргенімде (енді мүлде көрмейтінім, көре алмайтыным қандай өкінішті еді!) көлігіммен үйіне жеткізіп тастадым. Көліктің ішіндегі «Антика әдебиеті» оқулығын көзі шалған ағамыз: «Сендерден шықты ма?» – деп сұрады. «Иә», – дедім мен. «Керек кітап екен, мен алайын, қанша тұрады?» – деді. Ештеңе ойламай-ақ кітапты бірден бердім. Риза болып еді сонда ағамыз. Бірақ, амал қанша, көне дүние әдебиетіне қатысты жана жырлар, бізге келіп бастыратын жаңа өлеңдер сол күйі жазылмай қалды...

Еліне еркелеп қана жүретін Кәкімбек аға баспаға келген сайын құр келмей, қызықты әңгіме, қызулы естеліктер айтатын. Қазақтың бар жақсысын, үлкен-кішісін «айналайындап» өтті. Енді, міне, жарқын жүзі ана жаққа ауды. «Айналайын» дейтін ағаны қайдан табамыз?!

Қош, ардақты ақын!

Қош, киелі жырдың иесі!

Заңғар КӘРІМХАН



АҚЫН ӨТТІ...

Қабак шытпай көтерген қасіретті,
Бұл өмірден тағы бір ақын өтті.
Дұшпаны жоқ жан еді, көңілі ақ,
Ажалды да дос санап қапы кетті.

Құлақтарға өксіген үні келіп,
Ішін тартты қыл қобыз күңіреніп.
Табыт жаққа көз тастап қимастықпен,
Бірі кетіп жатыр жұрт, бірі келіп.

Биік еді беделі, атағы да,
Шамалылар келмейтін қатарына.
Бейіт жаққа бұрылып көштің беті,
Бет алды енді ең соңғы сапарына.

Төрк етіп жиғанын, тапқанын да,
Аттанғалы бақиға жатқанында.
Бір-бір уыс топырақ тастап бәрі,
Ең ақырғы міндетін атқаруда.

Түспейді деп тұрмысың басқа біздің,
Соны ойлап жанардан жас тамыздым.
Уақыт қазы қолына сыпыртқы алып,
Өшіреді таңбасын басқан іздің.

Көр боп шықса жалғанның төр дегені,
Қара жердің қойнына берме мені.
Өлген кезде ақындар қабірге емес,
Жүрегіне халқының жерленеді.

Қонысбай ӘБІЛ



ӨЛЕҢНІҢ ӨРЕН ЖҮЙРІК ЖЕЗКИІГІ

Қазақта
көрінгенмен ақын көптей,
Абызы
Аз еді ғой Кәкімбектей.
Шынжырын замананың үзер кезде
шын ақын қайтеді енді ғапыл кетпей.

Заманның ахуалын білгіш еді,
Сексеннің жеткізбеді бір мүшелі...
Атақты Ақан сері сарқытындай,
Үкілі Ыбырайдың үлгісі еді.

Ақынның өзі кетсе, сөзі қалар,
Кісі еді –
Толағайдай өзі де нар.
Жүретін кен көтеріп кеудесімен
Ішінде алтын, күміс, жезі де бар.

Құжаты болғанменен «кенші» деген,
Жан еді ол, өлең-жырды еншілеген.
Сауығып содан ақыр кете алмады,
Ауырып ақындықтың дертіменен.

Өлтірмей қоймас жанды сөз күйігі.
Туған жер –
Кербез Көкше – өз биігі.
Жүйткітіп бұл жалғаннан өте шықты,
Өлеңнің өрен жүйрік жезкиігі!

Серік ТҮРҒЫНБЕКҮЛЫ



АЛАШТЫҢ АРДА ТУҒАН БІР БАЛАСЫ...

Ағатай,
Айналайын жан ағам-ай,
Ізіңнен басып өткен тамады арай.
Сүйетін адамзатты алаламай,
Жаныңыз жарық еді самаладай.

Аға едің жыры ғажап,
Нұры ғажап,
Құбылып кетті-ау бүгін құбыла жақ.
Алаштың Арда туған бір баласы,
Ұлт үшін Ұлытаудай Ұлы қазақ.

Кеткенде қырдан асып құландай күн,
Ішімде шулап қалды ұлар-қайғым.
Жалғасы қазыналы Қаныш аға –
Жан досы тұма бұлақ Тұманбайдың.

Тағдырдың кезіксе де сұрапылы,
Әуелден ұл боп тудың мұраты ұлы.
...Қазақтың сендей болсын бір баласы,
Қазақтың сендей болсын бір ақыны.

Көргенмін нұр құшқанын,
жыр қысқанын,
Қасында қаршадайдан бірге ұшқаным...
...Ағаның Айнакөлдей айдынында
Менің де жүзген талай жыр құстарым.

Тағдырың жазбаса да кіл несібе,
Ілестің жыл көшіне,
Күн көшіне.
Кәкімбек Салықов боп қазақ шыққан –
Мәскеуде,
Кремльдің мінбесіне.



Күмбір күй,
Әуезді әуен,
Отты өлеңі,
Жыл сайын көгеретін көктем еді!..
...Аялы Қызылжардың ақ қайыңы,
Саялы Көкшетаудың көк терегі.

Жаз қалды жарық күннің жамалында,
Саз қалды Сарыарқаның самалында.
Сен қалдың аққу құстың әуенінде,
Жалт еткен жезкиіктің жанарында.

Ән саулап,
Жыр төгілген таңдайынан,
Өмірден барады өтіп қандай ұлан?!
...Көрсендер Жезқазғанның жезкиігін –
Өтінем, сипандаршы маңдайынан!..
Қош бол, аға!

Ғалым ЖАЙЛЫБАЙ



МЕРТ БОЛДЫ ЖЕЗКИҒІ САРДАЛАНЫҢ...

Кәкем-ай,
Өлпештейтін әр сөзімен әкем-ай...
Жоқ шығар бұдан бетер, асқан қайғы,
Қабырғам сөгілгендей, жас парлайды.
Оқыстан жетімсіреп қалдық біздер,
Оқушы ек өлеңдерін дастандай-ды.

Бір өзі әлем еді ерекше бір,
Жүзінен шашатұғын бөлекше нұр.
Қаузаған кенін іздеп жер қойнауын,
Тастамай бір сәтке де елді ойлауын.
Жезқазған жез бен мысын қолыменен,
Шыжымдап қысып ұстап бел байлауын.
«Жезкиік» әні қандай қалықтады,
Сардарым сарабдал сөз парықтады.

Білімі – тау-кен ғылым Мәскеудегі,
Ілімі – сап түзеген әскер легі.
Абайдың жалғыз томын тастамай ол,
Ұстазым Ілекем мен Қаскем деді.
Өзі де өрге шапқан Құлагердей,
Алтын жыр,
Күміс әнге мұрагердей.

Орындап сылқым күйді Тәттімбеттен,
Дариға, жастық шағын гәккулеткен.
Әлі де аялайды,
Саялайды,
Өлеңі ардағындай «Аққу жеткен».
Сүйсінер әндегі ел бар ғажапқа,
Жеткендей әр жүрекке, әр қазаққа.

Жырлары мың құбылды бояулармен,
Көзіммен оқып көріп тоям дәрмен.



Кәкендер Мәскеудегі жиындарда,
Тендескен небір ұлық-нояндармен.
Бәрі де барлап қарар байыппенен,
Өлеңді өрге сүйрер ғайыпперен.

Өнерде сүмбіле жан, дара, бекем,
Фасыл ой даналардан қалады екен.
Қарақалпақ елінде қазағымның
Көрсеткен кім екенін алабөтен.
Ағаның алды кеніш таусылмайтын,
Мінезі мейірбан ед жан сыйлайтын.

...Дүние шыр айналар дүрмекпенен,
(Адами маздақ шоғын үрлеп келем).
Отыз том толған екен өз ағаның,
Жазғаны зор талантпен тірнектеген.
Бақұл бол, арда емген абзал ақын,
Мәңгілік ғұмыр сүрсін жазған хатың!

Бақытжан ТОБАЯҚОВ



ҚОШ БОЛ, МӘНГІ, АСЫЛ ЖЫРДЫҢ ПАРНАСЫ!

Сырымбеттің бөктерінен от алып,
Алатаудың асқарына ту қадап,
Жақсы менен жайсандардан бата алып,
Дарытқан жан жүректегі жырға бақ.

Ұлағатты ұрпақ болып ұлыға,
Асыл елдің ақ батасын алған жан.
Оқжетпестің өлең байлап шыңына,
Мың ішінде марқасқа боп топ жарған.

Сүрінбеген қиындықта сындардан,
Кемел еді, кербез еді, кермиық.
Жезқазғанның кенішінде шыңдалған
Сар далада сағым қуған жезкиік.

Ойшыл тұлға болғанда жез қалада
Жарқын күндер көп болған-ды төккен нұр.
Сарғаймайтын естелік қой санада,
Жақсылығын жақсы ағаның көп көрдім.

Бәйкен менен Еркіндейін ағалар
Арыстар ғой тұрар есте жаңғырып.
Кәкімбектей кемеңгерін бағалар
Ұмытпайды Айыртауым мәңгілік!

Бақиға озып Кәкімбегі қазақтың,
Тартылғандай әдебиеттің арнасы...
Нұрлы жүзің ел есінде сақталар,
Қош бол, мәңгі, асыл жырдың Парнасы!

Тайлақ ЖАЛМҰРЗЫНОВ



КӘКІМБЕК АҒА

Қызыл алаңда жүрсең де әкім боп, аға,
Ел-жұртың сені таныды ақын деп, аға.
Бабалар кеткен ауылға атыңды бұрып,
«Қош!» айтып кетіп барасың, Кәкімбек аға!

Жеңіл болса екен... алдында сынақ тұр, аға,
Жаратқан Аллам мінгізсін пырақ Құлаға.
Құлагер жортқан құба бе: құлазып бүгін,
Абыз даламның аспаны жылап тұр, аға.

Түсіңде Ақан серінің самғап қыраны,
Кісінеп келген көруші ең аруақ-Құланы.
Өзіңді сүйген қазақтың бар сағынышы,
Фәни мен бақи арасын жалғап тұрады.

Сырыңды терең ұғындық сөз түйініннен,
Қалың қазаққа үн қаттың өз биігіңнен.
Боз ала таңда түсіңе жиі кіретін,
Бірге еріп, аға, кеттің бе жезкиігіңмен.

Біреуі өзің болсаң да «қос қолдың», аға,
Шалғайда жүріп ауылға кеш қондың, аға.
Бауырдың барын сездіріп, керуенін бастап,
Жұртта қап қойған Қалпаққа ес болдың, аға.

Өмірден озып барады бір кемел ақын,
Өзіңдей енді жаныма кім келер жақын.
Қаныштан кейін Жездінің кенін ақтарған,
Қазақтан шыққан сен едің «инженер-ақын».

Алыста жүріп түргенде білегіңді, аға,
Қазақтың қамы ауыртты жүрегінді, аға.
«Кәкімбек бар» деп ауылдан мақтанатынбыз,
Бір өзің билеп тұрғандай Кремльді, аға.

Бірегейі едің бір Алла рахым еткеннің,
Бір өзің жайлы сыр шертіп жатыр өткен күн.



Мауқыңды басып, арманын тыңдаңыз енді,
Қасына кетіп барасың Ахметтердің.

Ақындар рухы өлмейді, жасыма, халық!
Бір Алла шырақ жағады басына жарық.
Тәуелсіз елдің бүгiнiн айтады Кәкең
Сәкен мен Мағжан ағаның қасына барып.

Аманжол ӘЛТАЕВ



СЕЗІМГЕ ОРАП, БАР СЫРЫН АШЫҚ АЙТҚАН

Кәкімбек Салықов – қазіргі қазақ поэзиясында есімі кең тараған ақындардың бірі. Оның әсем лириктігіне қоса, өзі шығарған және өлеңдеріне жазылған әндер қосылып, ақын атын елге әйгілеп жіберді. Қазір қазақ даласының қай түкпіріне барсаңыз да, «Жезкниік», «Аққу жеткен», «Саумалкөл», «Сарыарқа», «Дүниеде мені сүйген бір адам бар» деген әндер алдыңыздан шығады. Ақынды көргендер де, көрмегендер де оған зор құрметпен қарайды. Бір эпизодты еске түсірейік. 1995 жылы Семейде Абайдың 150 жылдығын тойлап жатқан кезіміз. Қарауылда тігілген киіз үйлерде қонақ болып отырмыз. Ішімізде Кәкімбек бар. Жидебайға, Абай кесенесінің ашылуына баруға тиіс едік. Бір кезде: «Ал, кешіктіңіздер, Президент тобы келіп кетті» деген хабар алдық. Тұра-тұра машинаға жүгірдік. Алдына Кәкімбекті отырғыздық. Бізді шыға бере тоқтатты. «Президент кесене басына жеткенше, тоса тұрасыздар», – деді. Кәкімбек өзін таныстырып, құжаттарын көрсете бастап еді, бірінші тоқтатқан күзетші: «Ойбой, Кәке, сіз болсаңыз, өтіңіз», – деді. Осыдан бастап бізді бірнеше жерде тоқтатты, бірақ тез жіберді. Соңғы тоқтатқан жігіт өз машинасымен алдымызға түсіп алды да, Абай кесенесіне бірақ жеткізді. Митингке кешікпей келдік. Ақынға халық құрметімен сүйіспеншілігінен артық сый, абырой болуы мүмкін емес қой. Кәкімбектің атын мен алғаш Сырбай Мәуленовтен естіп едім. Жезқазған жаққа барып келген ол қалалық комитеттің хатшысы ақын екен деп, оның келешегінен үлкен үміт күткен сыңай танытты. Өлеңдерінің газеттерде жарық көруіне көмектескені есімде. Алайда, мен



басшы партия қызметкерінің өлең жазуына елпілдей қоймай, қызмет жайымен елігіп жүрген «ет пен терінің арасындағы желік қой» деп ойлап едім. Жекелеген өлеңдерін де оқып көрдім. Сөйтіп жүргенде, менің қолыма Кәкімбектің «Сыр» (1970), «Жезкиік» (1973) деген жинақтары түсті. Мен оларды әлгіндей күдікпен бастап оқып, аяғында оның ақындығын мойындадым. Жас ақынның алғашқы қадамына риза болғандығым сондай, «Социалистік Қазақстанға» «Замандас туралы сыр» (10 ақпан 1974) атты мақала жазғам. Содан бергі дәуірде мен – Кәкімбектің жаңа кітаптарын үзбей оқып, оның ақындық беталысын, бағытын қадағалап келе жатқан адаммын. Үздіксіз еңбек, бейнет, ізденіс арқасында бүгін оның таланты шарықтап шыққанына, қазақтың үздік ақындарының қатарына кіргеніне үлкен қуанышымды білдіріп, жігіт ағасы жасына жеткеніне құтты болсын айтамын.

Кәкімбек – мамандығы, алған білімі жағынан кенші, кен инженері. Ол Мәскеудің түсті металл мен алтын кені институтын (1955) бітіріп, Жезқазған кен басқармасы жүйесінде 15 жылдай қызмет істеген. Жұмысты кен маманы болып бастап, шахта участогінің бастығы, шахтаның бас инженерінің орынбасары, бас инженер, шахта бастығы, комбинаттың партия комитетінің хатшысы қызметіне дейін өскен. Содан партия қызметіне ауысқан. Қалалық комитет хатшысы, облыстық комитеттің екінші хатшысы қызметтерін атқарды. Ақындық жолды осындай кенші болып бастаған Кәкімбектің өлеңдерінде кен маманына тән психологиялық суреттер, көзқарас, ой мен сыр көбірек көрінуі – заңды нәрсе. Ол құдай сыйлаған талантын ұштай жүріп, өзіне таныс өмірді жырлады. Ақындық пен кеншілікке тұтас қарады.



Жаны – ақын, жүрек қалауы – ақындық болғандықтан, оны негізгі мамандығына қоса мөпеледі. Ол күні бүгінге шейін «кенші ақын» деген атты мақтан тұтады. Кенші боп өмір тануын өлеңге түсіріп, ақындығына қанат бітірген кеншілігіне риза көңіл білдіреді.

*Ақындық пен кеншілік сағы сынбай,
Ұшырады қос қанат қағысындай.
Өзге түгіл өзіме көрінеді
Құйысқандас қос жүйірік жарысқандай.*

*Арманына жетелеп алыстағы,
Өлең мен кен мәреден қалыспады.
Өзге түгіл өзіме елестейді
Сәуле менен дыбыстың жарысқаны.*

Кәкімбек адамдық кең мінезді, досқа, жолдастыққа адалдықты, ұжымдық ортада адамгершілікті сақтай білуді, өмірге кең көзбен қарайтын алғырлықты, танымпаздықты жұмысшылар тәрбиесінен алады. Ол ортақ жеңіске бірге жетуді де шындықты жалтақтамай бетке айтуды да солардан үйренген. Ризалығын көп сөзбен емес, арқаға бір қағып қалып түсіндіретін жұмысшы мінезін де ол қызық көреді.

Осының бәрі Кәкімбек өлеңдерінің беттерінде сайрап тұр.

*Кенші деген кемелдік,
Ойлай бермес өз басын.
Кең мінезге кенелдік
Сақтай білер жолдасын.
Арқау болар өлеңге
Талай-талай нәр алдық.
Тастай берік тереңде
Досқа деген адалдық, –*

дейді ол.



Соңғы өлендерінің бірінде ақын:

*Ақын-кенші тірліктен үйренгенім,
Шекпен тартыс, шен тартыс күйге енбедім.
Ел көркейсе, көкірегім кенеледі,
Нұрын төгіп кен қазған сыйлы еңбегім, –*

депті. Дәл бүгінгі жетпіске келген күйінде де ол «Кеншінің сыйлы еңбегі нұрын төгіп», заманына ризалық өмір кешуде.

Осының бәрінен Кәкімбектің өмірінде кенші тағдыры мен ақындық тағдырдың қалай тоғысқаны, ақынның ұшқыр ойлары кен қазушының іскер қолымен ажырамас келісім тапқаны көрінеді. Күш қызуы мен ақындық жылу да бірін-бірі толықтырып тұрады. Оның «Террикондар», «Жезқазған кені», «Шахтаға ода», «Забойда», «Шахтер мен ғарышкер», «Байқоңыр», т.б. өлендері ақын өмірбаянының беттерінен сыр шертеді. Ондағы ақындық пафос өмір суреттерімен нәрленіп, заман туралы толғаныстарға ұласады.

Кәкімбектің кейінгі атқарған қызметтері де ол үшін өмір мектебі болғаны даусыз. Жезқазғанда алты жыл мемлекет, партия басшылығында қызмет атқарған ол он жылдай Мәскеуде Орталық аппаратта еңбек етті. Бес жыл Қарақалпақстанда бірінші басшы болды. Одан Мәскеуге қайтып оралып, Жоғарғы Кеңестің Экология мен табиғат байлығын тиімді пайдалану жөніндегі комитетінің төрағасы, Жоғарғы Кеңес төралқасының мүшесі қызметін атқарды. 1992 жылы Қазақстанға қайтты. Мұнда Каспий мен Арал теңіздерін қорғау жөніндегі комитеттің бастығы, осы мәселеге арналған ұлттық кеңестің мүшесі болды. Осы жолда елін сүйген азамат, интернационалист болып халқына қызмет еткен Кәкімбек жырлары оның бойындағы биік адамгершілік



сезімдерді толғайды. Оның Мәскеу, Болгария, Қырғыз, Түрікмен, Қарақалпақ жырлары тақырыптық кеңдігімен ғана емес, өмірді тани білген ақынның суреткерлігімен, тапқыр, бейнелі образдарымен бағалы. Ол қайда барса да елін, Қазақстанның ойлайды, көргенін қазақ жерімен салыстыра қарайды. Ақынның өресі өсіп, көңіл көкжиегі кеңейгенін, шеберлігінің жетілгенін осы дәуірдегі жырлардан айқын танимыз.

*Қайда жүрсем,
Ашық аспан – алаңым.
Біреуге іні,
Біреулерге ағамын.
Жүрегімді
Достық аты жылытып,
Достарымнан
Мен де рахат табамын, –*

дегенді ол ақындық адал көңілмен-ақ айтқан.

*Мен де талай қиындыққа тоғысқам,
Менің де әкем оралмаған соғыстан.
Менің де анам ерте кеткен өмірден
Маған-дағы жақсы жандар болысқан, –*

дейді ақын тағы бір өлеңінде. Ақынның заманы мен замандастары туралы ойдың бір ұшығы осында жатыр. Кәкімбек жырларының кейіпкері өмірге ғашық, оны жасауға белсенді қатысушы. Адамның жұлдызының жануын ол еңбек пен бейнеттен табады. Соған шыдамың жетсе, жұлдызың жанады. Жұлдызың жанса, артыңда ізің қалады. Осыны ол ұрпаққа үлгі етеді. «Метрода», «Парызым», «Асығыспын», «Кенші қолым береген», «Үнемі мазасыз реңім», т.б. өлеңдерде ол өз кейіпкерінің өмір ырғағындағы орнын, еңбегің мазасыз тіршілігін суреттейді.



*Асығыссың дейсің сен,
Жалғаны жоқ.
Серігіңнің серті бар, арманы көп.
Асығыста жүргенім – кеш бастадым,
Жұмысымның біткені аз, қалғаны көп.
Асығыссың дейсің бе?
Жалғаны жоқ.
Әке ізі – жалғызбын, қалғаны жоқ.
Қалай жүрем асықпай, білесің бе,
Маған артқан елімнің салмағы көп, –*

дейді ол. Әдебиет – өмірдің сәулесі, оның міндеті шындықты бейнелеу десек, үлкен қызметте, өз ортасында абыройлы жүрген ақынның мұндай азаматтық жырларын еске алудың да артықтығы жоқ.

Қандай тақырыпқа жазса да, Кәкімбек жырлары адам ойын, сезімін ұштап, оқырман көңілімен тіл табысып жатады. Оның өлеңдеріндегі азаматтық пафос адамдық жылы сезімдермен ұштасады. Онда адамды сүю, оны сағынып жүру сияқты өмірді қуаттайтын күш бар. Оны ақын етіп жүрген де сағыныш сезімі. «Сағыныш деген ғаламат», – дейді ол. Оның сағынышы елге, жерге, табиғатқа, ата-анаға, жарға, балаға, досқа арналады. Жақсылық атаулының бәрін ол сағына күтеді. Бұл – өмірге деген құштарлықтың белгісі.

Кәкімбек жырларында соғыстан қайтпай қалған әке мен оқудағы баласын күтіп, оның адам болғанын көре алмай кеткен арманды ананың бейнесі ерекше танылады. Ол: «Анамды сағыну мені ақын етті», – дейді. Өзін әке мен анасының өмірін жалғастырушы санайды. Туған еліне арнаған бір өлеңінде:

*Әкем үшін бір ісіңді тындырып,
Анам үшін жырлап өтем өзіңді, –*

дейді. Оның бүгінгі өмірі – анасының тілегі. Ол анасының жетпей кеткен арманын жал-



ғастырып, өз бойындағы игі қасиеттер ананың ақ сүтімен дарығанын жазады.

*Туса да күнім өсіп-өніп жетілген,
Бейнеңді естен көз жұмғанша кетірмен.
Ұл-қызым бар, Майрашым сенен аумайды,
Жайқалды жапырақ жердегі қалған
жетімнен.*

*Адам көрсем, көңілі қаяу шетілген,
Өзіңдей мен де ет кесіп берем етімнен.
...Ақ сүтіңмен бойыма біткен қасиет
Одан артық диплом әлі алғам жоқ, –*

деген жолдарда Кәкімбек ана мен бала сүйіспеншілігін ғана айтып қоймайды, ана дәстүрінің ұрпақ үшін маңызын ашады. Өлмейтін өмір туралы жыр деген осы.

Кәкімбек бойындағы ана мен әкеге деген құрмет, сүйіспеншілік, сағыныш оның «Ұрпақ сыры» атты лирикалық поэмасында айрықша көрінеді. Бұл – ақынның жүрек сыры, сезімі. Онда соғыс кезіндегі тұрмыс ауыртпашылығы, әке өлімі, жесір қалған ана мен жетім бала өмірі оқырман көңілін тебіренерлік сезімталдықпен жырланған. Сиыр жеккен шана үстінде отынға барған ананың әке хатын әндетіп оқуын ол:

*Көңілі босап,
Жазатын жауап өлеңмен.
Сағыныш лебі
Шығатын шып-шып тереңнен.
Махаббатымен тербетіп бізді есірген
Анамнан артық ақынды
Көре алмай әлі келем мен.
Ақындық туады екен-ау,
Көңілдегі дүбірден,
Сезімдегі өлеңнен, –*

деп суреттейді. Өмір суреттері ғана емес, содан шығатын үлкен ой, түйін бар бұл жолдарда.



Поэма ананың қайтуын ауыр қабылдаған баланың жан дүниесінің тебіренісі мен оның әке рухымен тілдесуі эпизодтарына ауысқан кезде, оны толғанбай оқу мүмкін емес.

*Анам менің –
Ардақты адал жарың,
Танытты ғой сен үшін жаралғанын.
Екеуіміз ек ақ, адал тілегі де,
Сүйеніш, тірліктегі тірегі де.
Ол барда жақын еді сан арманым
Бір кетсе орны қайтып толмайды екен,
Анаңнан артық адам болмайды екен.
Асқарым еді,
Сүйенішім.
Ақылшым.
Еш пендеге алданбай,
Тосумен өтті өзіңді ғана армандай,
Енді екеуің де қара жерде жатырсың.
Ол «бақылмын» деген,
Сен – бақылсың.
Тәтті әуенге салар ем,
Жетер саған үн болса.
Анам атын қояр ем,
«Тосу» деген ғұл болса.
Сондай-ақ шығар дүниеде
Тоса білген жан болса.*

Әке рухымен тілдескен баланың ішкі сезім арпалысын ақын былай суреттейді.

*Ал, анам аттанған күні өмірден
Жиналғанда ағайын-туыс өңірден,
Тек өзің ғана жоқ болдың –
Сол шықпады көңілден.
Сұрқия соғыс болғандай,
Мен жалғыз боп қалу үшін,
Жүрегімді мен мұңға малу үшін,
Тап сол күні өзіңді іздеуменен,
Жалғыздықтан налыдым шын.*



*Әке орны қашан да ерек екен,
Әке керек екен!*

Ұрпаққа сабақ боларлық өмір ғибраттарын көркем бейнелеп, жан тебіренетерлік күйде айта білуімен бұл жырлар әркімнің-ақ жүрегіне жақын. Соғысқа қарсылық, бейбіт өмір үшін күрес жыры осындай-ақ болар! Оның ақ өлең араластырып, сөйлеу ырғағымен еркін үлгіде жазылуы да шығарманың мазмұнынан туындайды. Ол соғыс ауыртпашылығын кешкен адамның тебіренісінен, көңіл күйінен туады.

Кәкімбек – сезінгенін іркіп қала алмайтын қуанышына да, ренішіне де оқырманын ортақтастыра алатын шын сезім ақыны. Оның жырлары өзі туған Көкшенің саф ауасындай таза, қайындары мен қарағайындай биік және әдемі, көлдеріндей айдын бұлақтарындай мөлдір. Туған табиғаты сүйікті ұлына құйылып тұрған сұлу жыр сыйлаған. Оған Ақан әндерінің сұлулығы мен сыршылдығы, Ыбырайдың ерлігі, Мағжанның сезімталдығы дарыған. Сезім шыншылдығы оның өлеңдеріндегі ойды ашып, нақтыландырады. Оның табиғат, махаббат жырлары осындай. Олар да сағыныштан туады.

*Сағынышым құс жолындай жалғайды
Жалғызтау мен Ұлытаудың арасын, –*

дейді ол. Ақынның «Күз», «Оқжетпес», Көкшетау», «Ақжауын», «Есілге», «Теңізге» тәрізді өлеңдерінде сол өлкелерге тән суретпен бірге, онымен ұштасып жатқан адам сезімі, көңіл-күйі жырланады. Өлеңнің лирикалық кейіпкері кейде бұлтқа ұқсап, «Түнерсем де кей-кейде жаумай кетем», «Сәл жабықсам, әп-сәтте ашыламын / Күн сәулесін құлшына ала келген ақ жаңбыр боп төгіле шашыламын», – дейді. Ол табиғатты пана тұтқан



адамның өзінің басқаға пана болуы, дос болуы жайлы ойлармен ұштасады. Ақын табиғатты аялауды қалайды. Кейде көңілі жүдеп:

*Әттең, дүние-ай, жайқалған бәйтеректер
Жапырақсыз қалғанда мойып қалам, –*

дейді.

Оның қазақ даласын, табиғатын төгіле жырлаған «Дала» поэмасы – соны сүйген ақынның көңіл-күйіне толы патриоттық туынды. Ол дала келбетін танытар суреттермен қоса дала өмірі мен ондағы өзгерістерді сырласу күйінде бейнелеп, өзін қоршаған ортаның тағылымын кең ашады.

*Дала менен өлшеймін гарыш-ғаламды,
Дала мен ана сезімтал етті санамды, –*

дейді.

Оның жырларындағы биік қоғамдық сана мен азаматтық үн оймен, сезіммен араласып, дала патриотының бейнесін жасайды.

Дала да, ел де Кәкімбектің үзілмейтін сағынышы. Ол сағынарының барына қуанады. Сағыныш сезімі құс болып ұшырып, құлагер болып алып қашып жүргенін көресің.

*Не теңесер
Құмартып кеткен шағыңа,
Мың алғыс айтам
Сағынарымның барына.
Туған елге
Іңкәрліктің мезетін
Айырбастамаймын
Жер мен көктің тағына.*

Бір кезде Сәкен айтқан («Ауасы дертке дауа
Көкшетауды / Молда айтқан мың жұмаққа ба-



ламаймын») идеяны өзінше жырлаған Кәкімбектің бұл жолдары – ел мен жерге деген сезімді ардақтаудың үлгісі.

*Жұмағын көрдім
Сұлулық деген тұнықтың.
Дәмесін еттім
Құмарта беріп шынықтым.
Сен – шаңырақ,
Мен – ұмтылып қол созған,
Керегеңе байланып қалған уықпын, –*

деген жолдардағы шаңырақ – елі, табиғаты болса, байланып қалған уық – Кәкімбектің ойлы, тапқыр образдары кімді де болса қызықтыра алады. Кәкімбек сырт елдерде көп жүргенін жоғарыда айттық, осы тұста жазған ақын жырларында ел сағынышы, туған өлкені аңсау ерекше байқалады. Бұл, әсіресе, оның Мәскеу жырларында мол.

*Өн салма, қалқам,
Ауылды аңсап мен барда.
Онсызда болам
Өзімнен өзім делдал да.
Аз гана күндер
Сағынбай жүрген болайын,
Онан да менің
Көңілімді, сәулем, сен де алда.
... Байқампын
Биылғы жаздың келгенін,
Жезкиіктің
Із тастап жорта желгенін.
Қоскөлге барып,
Аққуға қарап отыру,
Елестеп көп,
Қисапсыз қызық ермегім.*

Қандай әдемі сезім! Ол әр түсті гүлге толы Ұлытаудың етегін, қарақат көзді қыздарын,



кісінеген құлынының қоңырау даусын, даланың көгін, мұртын сипаған егінін, даланың жауыны мен орманның таза ауасын сағынып еске алады.

Туған өлке сұлулығын Кәкімбек оның аққуынан, жезкиігінен ақ маралынан таниды. Бұлар – ол табынған сұлулықтың символдары, ақын бейнелеуінде, оны өмірге ғашық еткен, құштар қылған әсемдік көріністері. Осы сұлулықты, өмірдің әсемдігін сақтау – оның ақындық мұраты. «Аққу әні» өлеңінде су бетінде мұнды сыңар аққудың сыңсып салған әніне «қамыс басы қамығып, су жылайды». Осы эпизодты көркем суретке айналдырған ақын:

*Сырғиды аққу айдында, сырғымайды,
Жақын барып хал-жайын кім сұрайды?
Қатар жүрген күндерді сыйлайықшы,
Біреу ерте, біреу кеш бір құлайды, –*

деп түйіндейді. «Адамдар, аққуларды атпаңдаршы», «Жезкиік», «Жезкиікті көрсемші», «Көрдің бе Жезқазғанның жезкиігін», «Жүрегімнің жүйткіп өткен елігі», т.б. өлеңдерде сұлулық суреті ғана емес, сұлулықтың сырын ұғуға ұмтылған адам арманы да бейнеленген. Жұбай аққудан жарастықты махаббатты таныған ақынға заулап жүрген жезкиік арман қуып, өз биігін іздеп жүргендей көрінеді. Ақын да «Жабы болмай, жезкиіктей жүйткіп өтсе» деп армандайды. Бұл тектес жырлар Кәкімбек бойындағы адам сүйгіш, өмірге құштар, гуманистік сезімдердің байлығын танытып, сезімтал сыршыл ақынның өз бейнесінен де хабар береді.

Осындай жаны әсемдікке құмар ақынның қыз сұлулығын көргенде бейтарап қалуы мүмкін бе? Ол махаббатқа келгенде, қанаттанып



кетеді. Сүйгенін «аққу-қазға тіл бітіріп, ақ маралды билетіп» қарсы алады. Ай мен күнді, жұлдыздарды достарына үлестіріп, өзінің адал жүрегін сүйгеніне ұсынады. Ол ылғи хабар күтіп жүреді, «Ол жайлы айта берші» деп жалынады. Ылғи, елендеп, көшеде кездесіп қалардай сезінеді. Гүл көрсе қуанып, соның жолына шашылып жатқандай көреді. Мұның бәрі – махаббат, өлмес сезім күйі тудырған бейнелер.

*Мен мәңгі махаббаттың айдынында
Өлеңді қайық қылып жүзіп өтем, –*

деген сөздерде де зор мағына бары даусыз. Оның модаға емес, модельерге көз салуы, құмдақта өскен қаршагүлді үзуге қимайтыны, миллиардшы келіншектің қылығынан жарастықты мінез іздейтіні, ақ киіктің сұлулығына табына қарайтыны да сондықтан. «Жалаңаш дене, тас мүсінде» ақын сұлулықтың өнерді ұстап тұрған өмірлік күшін таниды. Жаралы аққуды емдеп, қолға үйреткен ақ келіншектің бейнесін аққумен астастырып қарайды. Тотының тоқсан түрлі бояуын қызықтайды.

Ақын адамға тән игі мінездердің қай-қайсысын болсын ұнатады. Оның «Қырандар» деген поэмасы адамға тән ерлікті, қыран қылықты уағыздауға құрылған. Қыранның балапанын алғызбай, оның қорғаламай, еркін өсуін құптауды ол қыранның балапанын қияға ұшырып үйретуін қызықтаған суретпен ұштастыра жырлайды.

*Қырандарын қинаған
Даласын да сыйламас.
Ұландарын қинаған
Данасын да сыйламас, –*

деген нақылдық тіркестің де мәні үлкен. Өмірде қыран еместердің көптігін, олардың кейде



іштарлықтан қырандарды қағып құлатуға әуестігін, тұлпардан жабыны артық санайтын мінездерді көргенде, Кәкімбектің қырандарды бағалау, олардың еркін самғауына кедергі жасамау туралы ойларын қуана құптайсың. Жүйрікті тұқыртпай, мұқалтпай ұстаудың өзі – даналықтың белгісі.

Кәкімбек соңғы он жыл бойы елде. Алматыда тұрады. Жайлы пәтері бар. Сүйген өлеңіне қолы босап кірісіп, өнімді еңбек етіп жүр. Жалтақсыз, алаңсыз творчествоға берілу, сөзсіз ақынның шабытына шабыт қосып, қанатын кең сермеуіне жол ашқанын көреміз. Осы жылдар ішінде ол «Аққу жеткен», «Көкжиекке тартқан көш», «Тәттімбет», «Қаныш аға жұлдызы», «Сәбит аға», «Түркістанға тағзым», «Ой толғақ», «Сырғалы сонеттер», «Ұстазымның баласы» атты кітаптар бастырды. Биыл Мәскеудегі «Художественная Литература» баспасында ақынның бір томдық шығармалары орыс тілінде шықты. Бірқатар аудармалар жасады. Қоғамдық іске араласып, Қ. Сәтбаев қорын басқарып жүр. Ұлы ғалымның 100 жылдық мерейтойын атқаруды ұйымдастыру жұмысына Кәкімбек қосқан үлес мол. Ол «Сәтбаев және үлкен Жезқазған» атты публицистикалық кітап жазды. Ғалым жайлы баяндамалар жасады (соның ішінде Парижде өткен Сәтбаев күндерінде жасаған баяндамасы бар).

Бұл тұстағы Кәкімбек жырлары ақынның үздіксіз ізденісін танытады. Ол шеберлігін жетілдіре отырып, өмірдің қайшылықты құбылыстарына кең көзбен қарауды меңгерді, әсемдікке сүйсіне білуге, адам жанын түсінуге және ардақтауға үйренді. Оның өлең-поэмалары қуанышы мен қайғысы аралас, бірақ жасампаздығын жоғалтпаған Адам және оның тағдырын, ісін көрсетуге арналады.



Оның Адамы әрқашан алға қарайды, үмітпен өмір сүреді, табиғат тылсымдарын игеруге, адамдығын жетілдіруге ұмтылады.

*Ақылға ақыл керек бас иетін,
Сүйемін даналардың өсиетін.
Біреудің кем-кетігін тере бермей,
Іздеймін ең қымбатты қасиетін, –*

деген жолдарда Кәкімбектің бүкіл ақындық кредосы жатыр. Кеңпейіл ақын «кең далама мәңгілік жалғасамын өлеңіммен, әніммен, өміріммен» дейді. Сондықтан да жаңылғанды жазалай бермей, «қатындарша бетінен тырнамай, батырларша кешіруді» сұрайды. Қазіргі дәуірдің қайшылықтарын опасыздықты, жалтарма мінездерді ақын көрмейді емес, көреді.

*Көзім бар деп қайтейін көре беріп,
Кей жат қылық кеткен жоқ көнеленіп.
Жүргендер бар бірлікті ұран етіп,
Бір қазақты үш жүзге бөле беріп, –*

деген жолдарда да қаншама ащы шындық жатыр.

Ақынның жаңа бір ізденісін танытатын жинағы – «Сырғалы сонеттер». Бұрын аздап жазғандар болғанмен, ұлттық әдебиетімізде кең өріс алмаған лирикалық поэзияның осы бір түрін дамытуға Кәкімбек зор күш жұмсады. Ол сонеттің түрін қазақ өлеңімен туыстырды. Оның сонеттеріндегі мөлдір сезім, сұлу сыр адам жанына ізгілік құйып, тұнық бастаудың зәм-зәмімен мейірінді қандырғандай әсер қалдырады. Тақырыбы жағынан олар біздің бүгінгі өмірімізді, қазақтың қазіргі сыры мен күйін жан дүниесін мол қамтиды. Махаббатты, әсемдікті, шығармашылықтың азабын жырлайды. Аққуы да, жезкіргі де оның есінен



шықпайды. Солардың сұлулығына сұқтана, жүрегіне нәр алады. Сонеттің соңғы түйінін ол нақылға айналдыра біледі. Ақынның шеберлігі артып, оның суреткерлігі жетіле түскен. Сөзбен сурет салуға шеберленген ол «Сонеттен тізген гүлтәждар» бөлімінде бір түрге бағындырылған тұтас бір циклді жырлар ұсынады. Ой-пікірі бірімен-бірі жалғаса беретін гүлтәждар тұтас өмірді оның үзік-үзік көріністері арқылы елестетуге құрылған. Бұлар өлең түрін әр қилы үлгіде жетілдіре беруге ұмтылған ақынның сәтті ізденістерін танытады.

✓ Қазақстанның тәуелсіз ел болып бастаған жаңа өмірі – Кәкімбектің соңғы жырларының үзілмес тақырыбы. Ол туған дала бойындағы өзгерістерді, оның рухани жаңаруын ерекше шабытпен жырлайды. Таяуда тәуелсіздіктің он жылдығын атап өту күндерінде жарық көрген «Дала-дастан» атты («Егеменді Қазақстан», 15 желтоқсан) лирикалық поэмасының айқын бір мысалы. Бұрын талай жырланған (оның ішінде Кәкімбектің өзі де жырлаған) дала тақырыбын ол жаңа бейнелермен толықтырған. «Табиғат қарт домбыра құлағын» түзеп жатқан Бабалар, тәуелсіздікті аруағымен жебеген Абылай бастаған ел көсемдері мен батырлары, ақыны мен өнерпаздары Кәкімбек сезіміне ортақтасып, ел қуанышын бөліскендей көрінеді. Ол даладан «планетаның кеңдігін» көреді. Оның тауы мен кенін, «Қымыз иіс, қыз ерке желін», елдігі мен ерлік дәстүрін жырға қосады. Даланың табыстары мен бүгінгі жарасын да (Ғылым ордасының құлауы, Жезқазған мен Семей қайғысы) еске алады. Бұрын «балажан» деген ұғым бар еді, Кәкімбек даланы сүйген ұланын «далажан» дейді.

Дала десе,

Таусылмайды қиялым,

Бойымдағы кереметті жиямын.



*«Жері көп» деп көз алартпа, ескі дос,
Қуанғанда өзім де әрең сыямын, –*

дегенді де ол ұмытпаған.

Кәкімбектің соңғы жылдардағы ақындық үлкеп табысы есебінде «Тәттімбет» поэмасын бөліп атау орынды. Бұл – бір ақындық үлкен толғаныстан туған эпикалық құлашы кең, лирикалық сезім сәттеріне бай, өлеңмен жазылған роман дерлік көлемді шығарма. Онда Тәттімбет күйлерінің сарыны арқылы сол дәуірдегі қазақ тарихының сыры, ұлы сазгердің өмір жолы терең ашылады. Ақын «Кек пен қайғы аралас Тәттімбеттің мұңды сазын армансыз аралап» (өз сөзі), «Азат күнге шақырған қоңыр күй» үнімен сырласады. Тәттімбет туған өлкенің суреттерін тірілте отырып, Кәкімбек олардың жанды бейнесін күй тарихымен байланыстыра ашады. «Бұлтына мұң байланған Қарқаралы», «Сылқылдақтың» сарынына салып, шертіп, қағып, төгіліп жатқан Түндік өзені, күй тіліне қосылған Мыржықтау мен Дастар шыңы – бәрі де көркем жасалған табиғат суреттерімен, күй сарыны арқылы берілген заманалық сырларымен көз алдыға елестейді. Ақын Тәттімбет күйлерінің ырғақ, өрісін, сарынын өлең тіліне ауыстырып, шеберлікпен сезімталдықпен бойыңа құяды. Сұлу саздан кең даланың нісі аңқиды. Тәттімбеттің күй арқылы айтысқан Айзада қызға деген сезімі, Ақбөпеге деген сағынышы, Есім-ана туралы ойлары – бәрі тоғысып, ұлы сазгерді шығармашылыққа жігерлендірген ой мен сезім күшін бейнелейді. «Бестөреден» отаршылдыққа наразылық үнін естісе, «Саржайлаудан» азаттық идеясын таниды. Ел мен елді, қазақ даласын әлем кеңістігімен жалғастырып, табыстырып жатқан ұлы күйші өнерінің күдіретіне табынады. Тәттімбет



күйлерін «Қазақ санасының толғағы» деп түсінеді. Тәттімбеттің Дәулеткереймен, Шоқанмен кездесуі, Кене ханның тәуелсіздік жолындағы күресіне тілектестігі шығарманы халықтық игі дәстүрлерімен байланыстырып тұр. «Көкейкестіні» мақсатына жете алмаған Кененің орындалмаған арман-мұңы ретінде бейнелеу поэманы бүгінгі рухпен ұштастырады. Сол арқылы Тәттімбет шығармаларындағы өршіл идея әдемі ашылған. Ол мұң мен шерге толы күй сарынына көміліп қалмай, ұлы мұраны халық санасына жеткізе білген өнер күшінің оптимистігін жеткізе білген. Бұрын да бір талай поэма жазған Кәкімбек «Тәттімбет» арқылы өзінің лириктігіне қоса эпиктік кең тынысты ақын екенін дәлелдеді.

Кәкімбек ақынның өмір жолы – кешегі ХХ ғасырдың кемел азаматының өмірі. Ол құдай берген талантын баптай жүріп, заман мойнына артқан қоғамдық, мемлекеттік үлкен жұмыстар атқарды. Одақ көлеміндегі қайраткерлер қатарына кірді. Оның КПСС Орталық Комитетінің мүшесі, СССР Жоғары Кеңесінің депутаты, СССР Халық депутаты, СССР Жоғарғы кеңесі төралқасының мүшесі, Қазақстан мен Өзбекстан республикалары көлемінде де депутат, Орталық Комитет мүшелері болып сайлануы ол өткен жолдың абыройлы болғанын көрсетеді. Ол Ленин, Еңбек Қызыл Ту (екі рет), Халықтар достығы ордендерімен, көптеген медальдармен марапатталды. Тәуелсіздіктің он жылдығын атау күндерінде ақынға «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері» атағы берілді. Осының бәрі елін сүйген, оған беріле қызмет еткен, үлкен жүректі халық азаматының заман артқан қоғамдық жауапкершілікті ұғынуынан туған. Ол кезінде осы жауапкершілікті үлкен ақындық көңіл-күймен жырлай да білді.



*Мен – жегулі
Тері кеппес тайыңмын.
Бұтағы мол көлеңкелі қайыңмын.
Шыңға жібер,
Тыңға жібер – бәрі бір
Қай арысқа салсаң-дағы дайынмын.*

*Сазды, назды,
Созылмалы сырнаймын.
Тер төгілмей,
Еркін шаттық құрмаймын.
Күні бойы қызуменен оралып,
Тұң ұзақты жігерлене жырлаймын.*

*Бұлт сөгілсе,
Жас қыранша көрінем.
Шахталарда кенің болып төгілем.
Дән беруді аңсап шыққан молығып,
Ақ бидайдың сабағынан өрілем.*

*...Шынымды айтам,
Мен ағынан жарылаам.
Ұлытаулықтарды
ұмыта алмай, сағынаам.
Сезімталдық сергектікке сілтейді
Ағалар-ау,
Айтқан жерден табылаам, –*

деп, замандастарына ағынан жарыла сырын шерткен еді. Ол әлі осы уәдесінен тайған жоқ. «Айтқан жерден табылып» туған халқының құрметіне бөленіп ортасында отыр. Оның өмірі, арманы – өлеңдерінде. Өзі айтқандай, ол «Сезімге орап, бар сырын ашық айтып» келеді. Ақынға ұзақ өмір, таусылмас шабыт тілейміз.

Серік ҚИРАБАЕВ

2002 жыл



КӨКЕЙКЕСТІ АРМАНДАРДЫ КӨКСЕГЕН

Ол жайында алғаш рет марқұм Тұманбай Молдағалиевтан естідім. Еларасына жиі шығып тұратын еді. Бір сапарында Жезқазған жағында болыпты. Сонда Мәскеудің түсті металдар институтын бітірген бір қазақ инженерімен танысыпты. Ол кезде аталмыш институттай атақты оқу орнын бітіргендер көбіне-көп өз тіліне шорқақ келетін-ді. Ал әлгі сабаз қазақшаға судай ағып тұр дейді. Мақалдап-мәтелдеп сөйлегенде, құдай көрсетпесін, ақынның өзін жаңылдырыпты. Домбырамен ән салғанда алдына жан салмайды екен. Үзілдіріп, тебіренгіп, тербетіп, керемет толғанып айтатын көрінеді. Не де болса, Тұмағаң қатты риза болған. Әлгі жігітті аузының суы құрып айта алмайды-ау, айта алмайды. Қазақ әдебиетіне жетіктігі сонша, баспасөз бетінде жаңа көрініп жүрген жас авторлардан бастап, өлі-тірі классиктеріне дейін түгел жатқа соғады дейді. Әсіресе, ақындар жағын жатқызып өргізетін болса керек.

Экскаваторларымен жер астына түсіп, дүркіретіп кен қазып жатқан айлапат Жезқазған шахталарында дәл мұндай жігіттің жүргеніне сырттай мәз болып қалдық. Ол кезде кез келгеніміздің қолы жете бермейтін тау-кен саласында инженерлер түгілі, жұмысшыларымыздың өздері саусақпен санарлық еді. Ендеше сондай аздың арасында әдебиетіміз бен өнерімізді соншама өліп-өшіп сүйетін әлгіндей азамат барына марқайып бір-бірімізге жымың-жымың қарастық. Біз қызыққан сайын Тұмағаң шешіле түседі. Маңдайына сұлай жығылған мап-майса кекіл шашын саусағының ұшымен сипалап, екі езуі екі құлағына



жеткенше ыржияды. «Әңгіменің көкесі әлі алда» дегендей, солай бетіңе күле қарап, басын қисайтып, біраз отырады. Сосын әлгі жымиған күйі үзілген әңгімесін қайта сабақтайды. «Сол инженер досым өлең жазады екен. Бірқатарын ала келдім. Қатырып пікір жазып қойдым. Аман болсақ, оқырсындар!» – дейді.

Содан Тұмағанды көрген жерде Жезқазғандағы инженер досынан хабар сұрайтынды әдетке айналдырдық. «О-о... Ол қазір қалалық партия комитетінде білдей екінші хатшы», деді бірде. Тағы бірде Тұманбай ағамыздың жайындай аузы тіптен жайылып кеткен: «Бауырым, бұл жаман ағаң кісі таниды ғой. Бекер мақтап жүрген жоқпын ғой! Мәскеудегі үлкен үйге шақыртыпты. Жауапты инспектор қып қойыпты». Бәріміз жағамыз жайлау болып, жайрандадық та қалдық.

Мен сөйткен Кәкімбекпен 1976 жылы кездестім. Жазғы демалысты Сочи қаласында өткіздім. Теңіз жағасындағы сәнді де салтанатты санаторийге тоқтадым. Сәулетті, күмбірлеген кең зал. Араларын ат шаптырым қып жайғасқан дөңгелек үстелдер. Шіреніп отырар шалқайма сәкілер. Орнымды іздеп келе жатып, жылтырап жатқан едендегі білінер-білінбес сатыдан сүрініп кеттім. Құлап қала жаздадым. Сөйтсем, анадайдағы үстел басында бір топ қызқырқынның ортасында әңгіме-дүкен құрып отырған әдеміше келген қараторы жігіт тісін ақсита күліп, қолын көтерді. Мен де басымды ізеп, сәлемдесіп жатырмын. Залдың іші ығыжығы халық. Бәрі де келісті, кербез киінген. Шетінен сыпайы. Одақтың түкпір-түкпірінен жиналған сықиған сырбаз қызметкерлер. Бірін-бірі бұрын-соңды көрмесе де, иіліп-бүгіліп, ізет көрсетісіп жатыр. Орнымды тауып, мен де жайғастым.



Түстіктен соң жағажайға шықтық. Күн ыстықтан ба, теңіз беті кілкіп тұр. Көз жетер жердің бәрі бозарып көрінеді. Тұла бойында лыпа атаулыдан бастарындағы әр қилы қалпақтар мен қара көзілдіріктері ғана әнтек көзге түсетін, тырағайлап жатқан өңшең жалаңаш денелердің ортасында бос орын қарап келе жатқан маған біреу жұлып алғандай қылып: «Әй, Әбіш, бері кел. Мен орын алып қойдым», – деді.

Жалт қарасам – сол баяғы әдеміше келген жылтыр жігіт. Бет-аузын түгел көміп алған көз әйнек пен шетен қалпақтан тек ақсиган тістері ғана жалтырайды. Мен солай қарай беттедім. Әлгі жігіт зулатып өлең оқи жөнелді. Осы қазір жанынан шығарып айтып тұр. Мен туралы әзіл өлең. «Болды ғой көрінгендей ел қарайып...» деген жолдары ғана есімде қалыпты. Қасындағы қаптаған қыздар мен жігіттер түсінбесе де, жымың-жымың күліседі.

Елгезек жігіт сол арадағы кісілермен жалмажан таныстырып үлгерді. Бәрі де Мәскеуден екен. Бейтаныс жігіттің өзін сұрамай-ақ тани кеттім. Дәу де болса, Тұманбайдың Жезқазғандағы инженер досы шығарсың деп ойладым.

Кәкімбек тегіннен-тегін ең жоғарғы мекемеде істемесе керек. Ұйымдастыру жағын дөңгелетіп жібереді екен. Жататын бөлмем сол күні-ақ өзгеріп шыға келді. Екеуміз қатар тұрған көрші бөлмелерге жайғастық. Тамақ ішетін үстелдеріміз де бір. Сыртқа шықпай-ақ, қайдан тапса, одан тапсын бір қазақты ертіп әкеледі. Көп ұзамай бәріміз бір ауыл болдық. Мәскеулік достарын да ұмыт қалдырмайды. Бойында айналасындағыларды еріксіз үйіріп алатын айрықша магнитизмі бар. Кәкімбектің достарынан қай республиканың да өкілдері табылады. Әсіресе, қазақстандықтар қасынан шыр айналып шыға алмайды. Соның ішінде



екі әдебиетші бауырдың жұптары жазылмады. Ұйқы мен процедуралардан басқа уақыттың бәрінде де бірге жүреміз. Сөйтіп жүріп, қағаз шимайлаудан да жалықпаймыз.

Кәкімбектің өлең дертіне мықтап шалдыққан кезі екен. Кешке жатарда: «Әбіш, ұйықтап қалған жоқсың ба?» – деп қабырғамды тақылдатады. Мен әдеттегідей бөлмесіне кірдім. Кішкене қойын дәптерін қолына алып, көзілдірігін киіп, шарт жүгініп отырады. «Бүгін төрт өлең жаздым». «Бесеуін аяқтаппын...» «Үшеуден аспады». «Екеумен қайырдым».

Ол оқиды, мен тындаймын. Баладай аңқылдаған албырт жүрек. Өсем табиғатқа талып түсер талықсы жанар. Сұлулыққа тояттамас тойымсыз сезім. Өлеңге, өнерге деген шексіз құштарлық. Шамалыдан тайсала қоймайтын батыл шабыт. Анау-мынауға қарамайды. «Өне бір жерін басқаша айтса, жөн болар ма еді», – деп қаласың. Кейде қорытылмаған шикі рудалар кесек-кесегімен кездесіп қалады. Бірақ, бір қызығы оңай жұтылады... Алып мартен пешінің алдында тұрғандайсың. Лақылдайды да тұрады. Лапылдайды да жатады. Қызығасың. Таңғаласың. Тамсанасың. Өлеңге кешігіп кіріскен ақынның шыдамсыздығы бірден шалынады. Бәрін де айтып қалуға, қамтып қалуға асыққандығы әнтек көзге ұрады. Бірақ, ақындық дерті әбден меңдеп алған автормен ештеңе деп тайталаса алмайсың. Өмірлік шындықтың жойқын тасқынын селдете жөнелгенде, амалсыз мойын ұсынасың.

Бұл – Кәкімбек Салықовтың шығармашылығымен алғаш танысқандағы түйген қорытындым. Мұншама түпсіз әсершілдік бұл жігіттің бойына қайдан бітіп жүр? Ол кезде өлең жазатындар басқа мамандықтардың да арасында аз болмайтын. Бірақ, мына жігіттікі бә-



рінен де алабетен... Тіптен баурап алады екен. Соның сырына түсіне алмаған қалпымда Алматыға оралдым.

Сөйтсем, Кәкімбекті жақсы көретін жалғыз Тұманбай болмай шықты. Телевизорды «ашып қалсаң» дегендей, небір әдемі келіншектер мен сылқым жігіттер ертелі-кеш «Жезкикті» безілдете тартып, сұңқылдатады да жатады. «Радионы басып қалсаң» – күй дүлдүлі Шәміл-Әбілтаев бауырымыз «Қайтқан құстар барады Еділдетіп Оралмен / Ере кетіп солармен елге жетіп қалар ма ем» деп үзілдіріп отырады. Өкпенді сығып алғандай әсер ететін әдемі саз, әдемі сөз. Жай қазақтың аузына түсе қоймайтын «Еділдетіп Оралмен» деген тіркестің өзі неге тұрады?! Ал «ере кетіп солармен, елге жетіп қалар ма ем» деген жүрекүзді тіркестерді естігенде әлдебір нәзік сезім тұла бойыңды дүр сілкіндіріп, шымбайынды шымшып-шымшып алады. Екінің бірінін қолына түсе бермейтін Мәскеуде отырып, еліне мұншама үздігетін неткен отаншыл жүрек!

Өлеңге де, әнге де тосыннан қосылған Кәкімбек қазақ көкірегінің көптен тілі байланып, үнсіз тұрған тосын пернелерін абайсыз басып қалыпты. Ол өз жерінде жүріп келген өгейлік гөйгөйі еді. Ол бебеулегенде жұлын-жүйкеңнің бәрі жидіп жүре береді. Күнде көріп жүрген жер бауырлаған Жезқазғанның күл өндес күлгін топырағы аяқ астынан түгел сарғайып жүре береді. Әлдебір улы дәрмек жер астынан шапши көтеріліп, жер-жаһанды түгел жайлап келе жатқандай. Жеткен жерінің бәрін түгел отап, түгел матап, түгел қан-сөлден айырып, шелдете, шерлі ете түскендей. Тебіренте, бездіре түскендей. Өн бойыңа шым-шым дарыған улы шер көз алдынды көлкешттеп, бедер-белестің бәрін жым-жылас етеді. Қақсып қалған, қаңсып



қалған қан тамырларынан да әл кеткендей. Көз алдында әлдебір елестер ербендейді. Өне біреу... Өне екеу... Өне үшеу... Жан-жақтан қылт-қылт көтеріліп, түгел тұтаса түседі. Тырыли арық қаңқалар. Үсті-бастарында бір шайнам еті жоқ тұлдыр толағайлар. Сылдыр сүйектер. Көбейе, ұлғая түседі. Миың шыңылдап, құлақ шекенді әлдебір тасқын сел көміп бара жатқандай.

Қою шаң көзіне түспейді. Төңіректі түп-түгел түнекке айналдырып бара жатқандай. Кеңгірдің бойы азан-қазан. Азынай соққан жел. Түйдек-түйдек ұшып түсіп жатқан уықтар мен шаңырақтар. Өз-өзінен құлап жатыр. Қирап жатыр. Күйреп жатыр. Емінген жау да жоқ. Елірген батыр да жоқ. Өзі келіп, өзі кеткен онай ойран. Орнында құлазып жатқан қу дала. Тапталған жас ноян да жоқ. Таптаған құлан да көрінбейді. Жоқ, әлдене қарауытады... Жоқ, бозартады... Жоқ, қылаңытады... Жоқ, қызарады.. Қызыл киік... Жез киік... Шоқан-шоқан жерге еңкейеді. Жайылғандай болады. Аузына не түсіп, не ілігіп жатқанын білмеймін. Тірлік айыруға тырмысып жатқан міскін хал. Тіпті бір әлдеқандай қызыл етік киген қыздар тапыр-тұпыр билейді.

Өз басым Жақсыкелді Сейіловтің бебеулете салған зарлы сазын естіген сайын есеңгіреп қаламын. Тыңдаған сайын төбе құйқам шымырлай түседі. Тентіреуік көңіл әлдебір жұмбақ сауалдардың соңына еріп, жанымды бұлқан-талқан етеді. Айқай ала шаңытпен арпалыса жүріп, кен қазып, топырақ үйіп жүрген жезқазғандықтардың қалай іргелерінде самсап тұрған Алаша хан, Жошы хан, Ерден Ата күмбездеріне көздері түспейді?! Көздеріне түссе, баяғы ежелгі дәурен қайтіп естеріне оралмайды?! Оралады, әрине. Арқаға қарай шұбала көшкен қазақ шеруіндегі іркіс-тіркіс



тізілген Ұлытау шоқылары ұлы далаға маңып бара жатқандай, көгілдір кеңістікке сіңіп, бойлай түседі. Бәрі-бәрі көз алдына өткенді өңмендетіп, өкпенді сығымдай жұлқылайды.

Сол бір әуез, сол бір сазға елігетіндер жалғыз Кәкімбек болмай шықты. Жақсыкелді Сейілов, Шәміл Әбілтаевтармен жарысып, Нұрғиса Тілендиев, Еркеғали Рахмадиев, Кенжебек Күмісбеков, Ескендір Хасанғалиевтар ақын сөзіне тамаша-тамаша әндер шығарды. Ел арасына кеңінен тараған сол бір әуендер қазақ руханиятына жаңа бір дәстүр дарытты. Бір кездегі Мұзафар Әлімбаев, Нұрсұлтан Әлімқұлов, Ізтай Мәмбетов, Ғафу Қайырбеков, Қуандық Шаңғытбаев, Нұтфолла Шәкенов, Тұманбай Молдағалиев, Қадыр Мырзалиев, Фариза Оңғарсынова, Бәкір Тәжібаев, Қомшабай Сариевтардың көп сарынды керуеніне енді ел-жұртымен, ата-қонысымен қимай қоштасатын Қыз Баянның алысқа ұзап бара жатып, мұндана салған әсем әндеріндей Кәкімбек Салықовтың зарға толы сағынышты саздары қосылды.

Поэзия ордасына ән қақпасы арқылы енген сал жігіт Салықов жұрттың аузынан түсірмей айта жүретін ақындарының біріне айналды. Тіпті жұртының іргелі ресми қайраткері екендігін де ұмытты. Үлкен үйде Кәкімбегіміз, кәсіподақта Қаратайымыз, комсомолда Оңалбегіміз бен Мұқаметқасымымыз бар деп мардамситындар Мәскеуге іссапармен баратындар. Ұзақ «шайланып», ұзақ жайланыптындар. Ал былайғы қазақ әкім Салықовтан гөрі ақын Салықовты көбірек аңсайды. Әйтсе де, әкім Салықовтың да жұлдызы жоғары болғанын тілейді. Қайта құру дәурені басталып, Қарақалпақстанға Салықов бірінші басшы болып барғанында да қазақтар бір



дүрлігіп қалды. «Қиын заманда бауырлас халықтың көшін бір түзеп берсін деп жіберген ғой. Әйтпесе, Кәкімбек Қазақстанның қай облысын да шыр көбелек айналдырады ғой» деп қауқылдасқандар да жоқ емес.

Тіпті оны аяғына керзі етік, үстіне брезент сулық киіп, су таситын машина мініп, ертелікеш мақта аралайды екен десті. Сүйген құлдың аты көп деген ғой. Бәрі де сүйікті ақынын қатты қадірлейтін халықтың қиялынан туған аңыздар еді. Көп ұзамай КСРО халық депутаттарының тұңғыш құрылтайы өтті. «Жезкиікті» жазғанда Кәкімбек Салықов тозып бара жатқан даламыздың ажары тайғанына бекерден-бекер зарланбаған екен. КСРО Жоғарғы Кеңесінің экология комитетінің төрағасы болып сайланды. Қарауында Кеңес Одағының аттарынан ат үріккендей белгілі-белгілі ғалымдары. Қиюы кетіп, қирап бара жатқан мемлекеттің экологиялық зардаптары да жеткілікті көрінеді. Халық жайын қамдайтын талай жоба жүзеге аспай, Кәкімбек сияқты ел деп еңіреген талай боздақтың елге деген түн ұйқысын төрт бөлетін арманы ғана болып қалды.

Сол жылдары жолым түсіп, Сырымбетке соқтым. Қайта салынып жатқан Айғанымның ата қонысын араладым. Шоқанның мұражайымен таныстым. Казгородоктың мектебін көріп, төрдегі мақтанышты түлектер суреттеріне үңілдім. Роза Шамжанова, Бәйкен Әшімов, Мақтай Сағдиев, Еркін Әуелбековтер қатарындағы жас жігіттің суреті көзіме оттай басылды. Қалқан құлақ қараторы жігіт жымың-жымың күлімсірей қарайды. Орта мектепті үздік бітіріпті. Мәскеудің ең таңдаулы оқу орнына түсіп жүргендігі де сондықтан екен. Көп сауалымның жауабын енді таптым.



Маңдайынан ай туып тұрған зерек бала 1932 жылы ақпан айында дүниеге келіпті.

Осы бір қытымыр жыл, қытымыр ай... Кәкімбектің басындағы адам таңғаларлықтай көп қасиеттің түбіне жетіп, түпкілікті түсіндіріп бергендей. Ол қашан көрсең де шатшадыман. Езуінен күлкі кетпейді. Дәйім жиынтойда жүргендей жайрандап бағады. Кездескен жанмен құшақтаса кетеді. Бетіннен сүйіп, арқаннан қағып, асты-үстіңе түседі. «Шырын, шәрбат тамардай албыраған алуа жүзі жауқазын балбұл адам, тірі жанды шыдатпас ынтық етпей, қызыл шиі еріндер балбыраған, еліктегіш баладай пәк мінезі, сахнаның орнады сәтті кезі, сайдан шыққан маралдай маймаң қағып, Айман тұрды жан баурап отты көзі, аққан жұлдыз сияқты жайраң етер, жерді аралап тәтті әуен айға жетер, рахат, ләззат дегенің осы екен ғой, жан мен тәнді тәтті әуез жалғап өтер», деп тамсанады, 1996 жылы Алматы сахнасында Айман Мұсақожаеваны алғаш тыңдаған ақын аға. Ал бір Фариза Оңғарсыноваға екі бірдей өлең арнайды: «Фариза деген ат қандай! Нотадан теріп жатқандай, әр буыны әндетер, аймақты бүкіл сәнді етер, Астана көркін ашқандай, сырласып көңіл өсірген, мұндасып мұңды өшірген, Фариза жыры зиятты, елордамыз сияқты құшақтасқан Есілмен» десе, 2007 жылы 5 ақпан күні, ал 2009 жылы 30 қазанда: «Жасарыпсың, Фариза... Аумастай албырт кезіңнен, жырыңа жақұт жан риза, жаралған мөлдір сезімнен, жасыңды жеткен санасам, жаздан артық күзбен тең, тал бойыңа қарасам, күнде сонар қызбен тең, емес-ау бәрі жай тегі, айтылмас сырды жыр тасыр, жұтынса жүрек әйтеуір, «ағатайлап» құртасың», – деп «томсарады» тентек ақын. Ол осындай жүрекжарды лебіздерін Роза Рымбаева, Айгүл



Үлкенбаева, Гауһар Сұлтанова сынды талантты қыздарына да арнайды.

Ойнақы әзіл, ойлы қошемет қосарлана өрбіп, адамдық, азаматтық жарастықты әспеттейді. Өнерде, өлеңде өкшесін басып келе жатқан іні-қарындастарының ешбірінің бетіне жел болып келген жері жоқ. Қасындағы үлкенкішінің жанында маздаған отты өршітпесе, өшірмеді. «Не жазсаң, жалт қаратты, үнің көпті, шындықты жайнатуға тілің жетті, тарихқа «Дәурен-айды» шырқап кірсең, «Күмбірі күмбездердің» тұғырлы етті; алқа топ тыңдаушы еді тына қалып, дән риза қанды талай құмары анық, даналық көкірегіне ұя салған, аңқыды әр сөзіңнен ғұламалық; болған жоқ жас дүлдүлдер аз жаныңда, Жәнібек, Бекболатпен маздадың да, ой салған өзіме де себің тиді, тағдырын «Тәттімбеттің» жазғанымда... Нар едің ортасында «пысық» көптің, биікке өзге жетпес пісіп жеттің, шіркін-ай, жұмбақ өлім осы шығар, бақиға жаяуламай, ұшып кеттің», – деп Ақселеу Сейдімбектің мезгілсіз ажалына күйзеледі. Жақсы адам жанындағыларға езуінен бал емізеді деген осы емес пе?!

Кәкімбектің мұндай болмағы әбден заңды. Ол туған жыл қазақ даласын қынадай қырып, обырдай обып кетті. Қора толы малды, үй толы жанды түгел қаусатты, бесіктен белі шықпай жатып, талай нәресте шетінеді. Ілуде біреу тірі қалды. Солардың арасынан әдебиетіміз бен өнеріміздегі Шерхан Мұртаза, Әзірбайжан Мәмбетов, Кәкімбек Салықов, Сәкен Жүнісов, Әкім Тарази, Камал Смайылов, Шота Уәлихановтарды ғана атай аламыз. Бәрі де сол бір қытымыр жылдың қыспағын ұмытқан емес. Сол жылы жусап қалған қыршындардың бітіре алмағанын бітіреміз деп, бәрі де жан



аямай тер төкті. Бәрі үшін де бәрін білуге тырысып, дүниеден Камал өтті. Еркелікті білмей кеткен құрдастарының есесін қайтарамын деп Сәкен сері әрлі-бері бұлғақтады. Сол қыршындардың көрмей кеткендерін көремін деп, жетпей кеткендеріне жетемін деп Әзағаң кете-кеткенінше көрермендерге қол соқтырды. Ажалдан аман қалғандардың жалқау болуы жараспайды деп Шота ағаң күні-түні еңбектенеді. Қиянат пен қияпаттан болған аштықты көргендердің әділ болмасқа қақысы жоқ деп қасарысады Шерағаң. «Бәрін бір құдайдың өзі ғана біледі» деп қутындайды Әкім аға. Ал Кәкімбек сол қытымыр жыл, қытымыр айдан аман қалғандардың біреуді ренжіткені жөн болмайды деп түсінеді. Жарқырап атқан әрбір таңды жақсылық көреді. Жайлы өткен әрбір күнді мереке санайды. Оның шығармаларына да, өзіне де әбден тән әлеуметтік оптимизм осыдан өрбиді. Із кескеннің бәрі қырағы, індеткеннің бәрі терең бола бермейді деп ұғады. Ара-арасында шалқып-шалқып сөйлеп тұрғанның да пайдасы зор деп біледі.

Қаламына бір күн тыным бермеген ақын көкірек қай дүбірден де құр қалып көрген емес. Абайлап айналаңа көз салып, көңіл жүгірте білсең, бұл даланың кез келген төбесі тарих, кез келген тұлғасы тағылым екен. Айналайын Сарыарқаның ұлан-асыр даласы ұлан-ғайыр дастан ғой. Оны көруге тек кез келген індегіштен ат басындай алтын тауып дәнiккен ақжолтай кенші Кәкімбектің кәнігі көзiндей қырағы жанар керек. Сары жолда көлбей сұлап, көсіліп жатқан Қарқаралының бар жақсысын бір өзі жайлап, бір өзі қыстағандай, шетiнен шежіре шертiп, қалай-қалай жатқызып өргiзедi?! Дастан атты дара шыңның қасындағы таудың неге Мыржық атанғанын бiлмек үшiн жер



түбіндегі Есімхан мен Шаншар биді тірілтеді. Көк сауытын қайта қамдап, болат дулыға киінтеді. Қалың қалмақтан тартып алынғанын білдіру үшін үзенгісіне жармасып жүріп мерт тапқан ата жаудың атына да таудың атын қия салған дарқандыққа таңғалған балғын Тәттімбет бірте-бірте жерінің сырына сіңіп, елінің сырына қаныға түседі. Қарқаралыдан Ереймен асып, Көкшеге, одан Қызылжар асып, Түменге жеткен ата қазақ батыста Атырау, шығыста Алтай, күнгейде Алатау қалмақтан босағанша күндіз күлкі, түнде ұйқыны ұмытқан. Абылай дара, Қазыбек пана, Бұқар дана дәурен де өтіп, іргеден доп, туырлықтан оқ себелеген Кенесары, Наурызбай тұсында Шыңғыс, Мұса, Алшынбай, Құнанбай, Қазанғаптар кергілескен кер заманға тап болады. Былай тартса өгіз өледі, алай тартса арба сынады. Тіл безеген Шөже, Балта онсыз да бір түйінге келе алмай отырған бес биді кекеп-мошқап, күйзелте бастайды. «Бұл күйдің аты бес төре, бізге де кірді ес төре, халқымның хәлін түсініп, ашылған осы кез төре, тудырып түйе түймеден, бейсауат кетпес күй деген. Не көрді қазақ деп отыр, заманда төре билеген. Өндіріс құрып, кент салмай, бейқам болып өстік біз, егін егіп, кен қазбай, мал соңында өттік біз». Маңдайының соры бес елі бейшара қазақ айналасына қазылған аран орды, алдына құрылған темір торды көрмейді.

Орталарында қайсысын қолдап, қайсысын қоштарын білмей, әрі тарт та бері тартқа аңтарылған күйші. Ұмсынғанына құлшынған ұғымталды еркектен таппай, көздері жәутеңдеген әйелдерден табады. Ай нұрындай Ақбөпе артына Мұсатай, Қысатай, Исатайды тастап, ерте өледі. Күйіктен күйзелген Тәттімбет біржола күйге беріліп, Қоянды жәрмеңкесіне келгендермен айқай-сүрең сайысады. Тобық-



тының тентек қызы Малқара Тәттімбетке дес бермей, тең түседі. Өлі жүрек тіріліп, өлексе сезімге жан береді. Тәттімбет Малқараны Айзада атандырады. Бұны сезген Тобықтылар Айзаданы асығыс айттырған жеріне ұзатып жібереді. Тағы да Тәттімбет айдын суда тал қармап қалады. Қара да болса, дара туған саңлақ күйшіге сырттай ханның қарындасы Бопай қызығады дейтін суық хабар ел арасына тарайды. «Қатын алма төреден, шетінен келер тебеген, қатын алсаң төреден, болдым дей бер көбеген, төреден алсаң қатынды, есіңнен өшір затынды, Бопайдың байы атанып, жоярсың өз атыңды» деп азғырған достары Тәттімбетке Түлкібайдың қызы Есім сұлуды алып береді. Есім сұлу Тәттімбетке бақыт болып бұйырды. Өнері үстеді. Дәулеті шалқыды, бағы жүрді. Елі ұлықтай бастады. Осынау өмір жолында талай күй туды. «Сылқылдақ» – «Қосбасар» – «Былқылдақ» – «Бес төре» – «Саржайлау» – «Көкейкесті». Бірінен-бірі өткен күй төрелері тербеліп, теңселіп, тебіреніп тұр. Шеттерінен шым-шымдап шертіп, арғы жағынан ақ уыздары ақтарыла кетейін деп дертіп тұр. Ақбөпемен жолығып, Айзададан опық жеген, Есім сұлуға кездесіп, ес түгендеген махаббат шежіресі тұр. Албырт сезімді асау арман мен асыл мұрат алмастырған адамгершілік түлеу жолы жатыр. Керемет күйші кемел азаматқа айналады. Көкейкесті сырларынан көкейтесті мақсаттар туындайды. Мал соңында мал болған күйкі тіршілікті ел үшін арман қуған құлшыныспен алмастырмай, халық басындағы қасірет азаймайды. Дегелеңнен кен қаздырған Тәттімбет көп ұзамай ат басындай алтынға жолығып, ол жіберген «тайтұяқты» Еуропа көрмесі «Чемпион» атандырады. Арман қуған адам мақсат қуған күрескерге айналады.

Талай-талай шытырмандар мен шырғаландар әлі алда. Өткенді көксеп өксімей, бүгін-



гіден баз кешпей, келер күннен күдер үзбей, әуелгі мақсат жолында белінді бекем буып, қайсарланып тарта бер. Тәттімбеттің тәтті армандарына жетсең, бәлкім, сонда жетерсің!

Өмір бойы дерек жинап, он бес жыл жазылған «Тәттімбет» ақын шығармашылығының ең асқан туындысы болып табылады. Батырлық жырын толғап, қаһармандық эпостың шыңына шыққан қазақ поэмасының және бір шырқауы күй дастандары. Ілияс Жансүгіров, Әбділда Тәжібаев, Хамит Ерғалиев аспандатқан бұл жанрдың соңғы жетістігін дүниеге әкелген Кәкімбек Салықов болып тұр. Қайым заманның қым-қиғаш тарихи оқиғалары күйзеліс пен күңіреніске толы жеке адам тағдырына ұласады. Ол шығармашылық шырғалаңдармен жалғасып, рухани құлшыныстардың ең биік самғауына көтеріледі. Оқырман, дастан оқығандай емес, кең қарымды симфония тыңдағандай әсер алады. Әр күйдің туу жолы, ол өрбіткен лирикалық шалқымалар, жәрмеңкенің жайдарман тартыстары мен тайталастары, жымысқы аңдысулары мен шешендік қақтығыстары ырғақ әр алуандығын туғызып, бір ғасырлық дала өмірінің мың бір көріністерін қамтып, қиялыңды қырық саққа шалқытады.

Абзал көкірек, ақын жүрек Кәкімбек Ақан, Біржан, Үкілі Ыбырай, Балуан Шолақ, Мәдиді де тебірене толғайды. Қорқыт қалған Сыр бойын, Асан Қайғы барған Шу бойын, Абайды туған Жидебайды, Құрманғазыны берген Жиделіні, Мағжанды әкелген Сасықкөлді, Нұрғиса жатқан Қарақыстақты бөлмей-жармай бірдей қастерлейді. Алайда, екі адамды ерекше сүйеді. Бірі – Имантайұлы Қаныш, бірі – Қазанғапұлы Тәттімбет. Біреуінің дәстүрін ұстап, жолын қуды. Бүкіл саналы өмірін сәтбаевтануға арнады. Екіншісі, жұртының ба-



сына іс түскенде найза ұстағандарды аттан түсіріп, кен іздепті. Дүлдүл күйші бола тұрып, қолына билік берілгенде, қарауындағыларды ырыс-несібе қаратып, жауға емес, тауға сілтеді. Сондықтан ел арасында алтын тапқан аты қалған Тәттімбетті басты кітабының бас кейіпкері етті.

Қысқасы, Кәкімбек Салықовтың әр ақынға арман болған «басты кітабы» жарыққа келді. Авторлық максимум орындалды. Ақын «Күзгі шуак» деген өлеңінде: «Жүрегім, енді тыным аласың ба, әлдебір тың әуреге саласың ба? Шаршатқан шартараптан әрең жеттім, аңсатқан Сарыарқаның даласына; балқып тұр кербез Көкше белестері, Айнакөл ашық жатыр, жел еспеді; алдында аққу-қаздар саңқыл қақса, мектептес қыздар көзге елестеді; жасымда ердім тағдыр жетегіне, қой енді қарайлатпа кешегіге, кен қазып, жыр төгілтіп, жеттім есен, туған жер Жалғызтаудың етегіне; жанымның таптым дәру жарасына, қарсы алды көк Есілдің жағасы да. Күзгі орман қыз ұзатқан тойлы ауылдай, сыймай тұр екі көздің шарасына; ақ марал ере тартты баласына, ақ киік кетті тоғай арасына; бүйірін қыздырып тұр үйір жылқы, ой салып тірі жанның санасына; жаз өтті, күз жарықтық сараңданды, шабыс жоқ, баяу жортақ аяң қалды, ну орман жапырағы түсіп жатыр, бәйбішем, сенің ғана саяң қалды» десе, оған шүбәсіз сенесіз.

Жел төбенің басына шығып, желпініп алып, алға қарай аяндай түс, тарланбоз! Тәйірі, сексеннің сенгірі деген Жезқазғанның Кеңгіріндей ғой. «Апыр-ай, қандай болар екен?» – деп ойланып-толғанып жүрдіңіз. Қалай өткеніңізді де білмей қалдыңыз. Алда талай асқаралы асулар тұр. Соларға да шаршамай-шалдықпай аман жетіңіз, ақын аға!

Әбіш КЕКІЛБАЙҰЛЫ

Біз отбасымыздың арқауы Кәкімбек Салықовтың мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қиын сәтте қайғымызға ортақтасып, жақсы сөзбен жанымызға демеу болған барлық адамдарға шексіз алғысымызды білдіреміз.

Кәкімбек Салықовтың отбасы

Выражаем нашу искреннюю признательность всем, кто в это тяжелое время утраты разделил наше горе. Мы глубоко благодарны всем, кто оказал поддержку и был рядом с нами, а также тем, кто направил слова соболезнования в наш адрес в связи с безвременной кончиной главы нашей семьи Какимбека Салыкова.

Семья Какимбека Салыкова

МАЗМҰНЫ

Қазақстан Республикасының Президенті	3
Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты.....	4
Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі	5
Қарағанды облысының әкімдігі	6
Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі.....	7
Жезқазған – Жезкиік	8
Ақын Кәкімбек Салықов дүниеден озды.....	9
Кәкімбек ағамыз да өтті дүниеден	10
<i>С. Қирабаев.</i> Қош, бауырым!	11
<i>Т. Кәкішев.</i> Атамекенін именбей жырлаған ақын	12
<i>Ә. Кекілбайұлы.</i> Көктің өзі қайғырып тұрғандай	13
<i>М. Сәрсекке.</i> Бізді қосқан Жезқазған еді	14
<i>К. Сағадиев.</i> Ауыр қаза	15
<i>Н. Оразалин.</i> Он воспевал величие степи.....	16
<i>А. Әшімов.</i> Өлі де тың сияқты көрініп еді.....	17
<i>А. Смайыл.</i> Лирик, философ, патриот.....	18
<i>Қ. Байбосынов.</i> Ағамызды қимаймыз.....	19
<i>А. Бақтыгереева.</i> Үлкен тұлға.....	20
<i>Ж. Ергалиев.</i> Жезкиік жыр жүректің үні қалды	21
<i>Б. Әлімжанов.</i> Өмірде жақсы сыйластық	22
<i>Б. Канальянов.</i> Его песни стали народными	23
<i>С. Ақсұңқарұлы.</i> Ірі тұлға еді	25
<i>С. Ескенұлы.</i> Сал-серілердің сарқыты еді	26
<i>М. Сембай.</i> Арқаның көз жасы	27
<i>Т. Қажыбай.</i> Көкше елі еңіреп, жетімсіреп тұр.....	28
<i>А. Әбілқайыров.</i> Азамат ақын, ұлы тұлға	29
<i>Ж. Жаубасов.</i> Алты алаштың аяулысы	30
<i>И. Тасқараұлы.</i> Қош бол, ардақты аға, ұлы ұстаз.....	31
<i>Ғ. Боқаш.</i> «Аққу жеткенді» әкем, «Жез! иікті» шешем жақсы көретін	32
<i>З. Кәрімхан.</i> Бар қазақты «Айналайын» деп... ..	33
<i>Қ. Әбіл.</i> Ақын өтті... ..	35
<i>С. Тұрғынбекұлы.</i> Өлеңнің өрен жүйрік жезкиігі	36
<i>Ғ. Жайлыбай.</i> Алаштын арда туған бір баласы.....	37
<i>Е. Тобаяқов.</i> Мерт болды жезкиігі сардаланың... ..	39
<i>Т. Жалмұрзынов.</i> Қош бол, мәңгі, асыл жырдың Парнасы!	41
<i>А. Өлтаев.</i> Кәкімбек аға	42
<i>С. Қирабаев.</i> Сезімге орап, бар сырын ашық айтқан..	44
<i>Ә. Кекілбай.</i> Көкейкесті армандарды көксеген.....	63

*Бұл кітаптағы кейбір материалдардың
ықшамдалып, қысқартылып берілгенін ескертеміз*

АЛАШТЫҢ АРДА ПЕРЗЕНТІ

*Азанама және арнау-лебіздер
мен естеліктер*

Редакторы *Заңғар Кәрімхан*
Техникалық редакторы *Эльмира Заманбек*
Көркемдеуші редакторы *Жеңіс Қазанқаров*
Корректоры *Шолпан Оразбаева*
Компьютерде беттеген *Ақерке Сқақова*

Басуға 25.12.13 қол қойылды.
Пішімі 84x90^{1/32}. Қағазы офсеттік.
Офсеттік басылыс.
Шартты баспа табағы 3,5.
Тапсырыс №0279. Таралымы 500 дана.

«Фоллиант» баспасы
010000, Астана қаласы, Ш. Айманов к., 13

«Фоллиант» баспасының баспаханасында басылды
010000, Астана қаласы, Ш. Айманов к., 13

K 325.0

